



ҚазТрансГаз

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР • НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
ГОДОВОЙ ОТЧЕТ
ANNUAL REPORT

2015



ҚазТрансГаз

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР • НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2015

Компания туралы

«ҚазТрансГаз» компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес құрылған. 2004 жылғы 9 маусымда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы болып қайта аталған. 2004 жылғы 09 маусымдағы №13898-1901-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігін Астана қаласының Әділет департаменті берген.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ оның Жалғыз акционері болып табылады. ҚазТрансГаз табиғи газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдауды басқарады, ішкі және сыртқы нарыққа газ сатумен айналысады, құбыр жолдары мен газ сақтау қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі №914 қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалды.

Есепті кезеңде ҚазТрансГаз компаниялар тобына 15 еншілес және тәуелді компания кіреді, олар мынадай бизнес-бағыттар бойынша берілген:

- ресурстық базаны кеңейту: «Амангелді Газ» ЖШС, «ҚМГ-Қансу оперейтинг» ЖШС, «Сарыарқа Газ Даму» ЖШС;

- магистральдық тасымалдау: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз-Бішкек» ЖШҚ, «Астана Газ» АҚ;

- газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ, «ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ;

- газбен жүргізілетін сауда операциялары: «ҚазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС;

- Өзге де ЕТҰ: «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті» ЖМ, «Intergas Finance B.V.»

Қазақстан Республикасының газ саласы, одан әрі даму үшін айтарлықтай әлеуетке ие, ол болашақта Қазақстанды табиғи газдың жетекші өндірушілерінің қатарына шығаруға мүмкіндік береді. «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы, еліміздің және дүниежүзінің газ нарығында мемлекеттің мүдесін білдіретін, Қазақстан Республикасының газбен жабдықтау саласындағы ірі компания болып табылады.



Ұстанымдарын бағалау

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2015 жылғы қорытындылары бойынша даму перспективалары

Қазақстандағы газ ресурстарының негізгі бөлігі ірі өңделетін немесе өңдеуге арналған кен орындарын дайындауға, оның ішінде мұнай – Теңіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы), газ конденсаты – Қарашығанақ (Батыс Қазақстан облысы), Жаңажол, Өріктау (Ақтөбе облысы) және басқаларға шоғырланған.

ҚР өнеркәсіптік санаттағы бос газ қоры 70-тен астам газ, газ конденсаты және мұнай-газ кен орындарында барланды. 30-ға жуық кен орны өңделуде, олармен өнеркәсіптік санаттағы 86% болатын газдың бастапқы қоры байланысты. Осыған қарамастан, аталған кен орындарының айтарлықтай бөлігі газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі – ГЖБЖ) қосылмаған: 215-тің 15-і ғана (шамамен 7%) ГЖБЖ-ға қосылған.

Қазіргі уақытта «Амангелді Газ» ЖШС, 2000 жылғы 12 желтоқсандағы көмірсутек шикізатын бірлесіп барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың негізінде Жамбыл облысында Амангелді газ кен орындарының тобын игеруді жалғастыруда.

Амангелді газ кен орнынан алынатын табиғи газдың қоры 15 520 млн. текше м. құрайды. Дегенмен, газ қоры мен өндіру көлемдері бойынша ҚР нарығындағы ҚазТрансГаздың позициясы әлсіз болып табылады және оның үлесі шамамен 1–2%-ды ғана құрайды.

Осыған байланысты, ҚР энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, «ҚазТрансГаз» АҚ ілеспе мұнай газын өндіретін жер қойнауын пайдаланушыларды ГЖБЖ-ға қосуды сыни маңызды міндет деп таниды.

Қазақстан Республикасының газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының газ секторын кезең-кезеңмен реформалау және кешенді дамыту пайымы мен негізгі тәсілдерін айқындайды, газдың дәстүрлі ресурстарынан басқа, Қазақстанның көмір қабаттары метанын барлау және өндіру бойынша едәуір әлеуетті көздейді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көмір қабаттары метанын барлауды және өндіруді ұйымдастыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (Жол картасын) орындау үшін, «ҚазТрансГаз» АҚ «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттары метанын өндіру» инновациялық инвестициялық жобасының шеңберінде көмір қабаттары метанын геологиялық барлау жөніндегі жұмысты жүргізуде.

Қазақстан үшін перспективалы транзиттік бағыттардың бірі табиғи газды өткізу қабілеті жылына 30 млрд. текше м болатын және МГҚ қуатын 2017 жылы 55 млрд. текше м ұлғайту жоспарланған (С желісі бойынша компрессорлық станцияларын іске қосуды ескере отырып) «Қазақстан – Қытай» МГҚ болып табылады. Бүгінгі күні бұл еліміздің мұнай-газ саласындағы ірі инвестициялық жоба.

10 млрд. текше м дейінгі өткізу қабілетін қамтамасыз ететін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ салу жобасы, Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға ықпал ететін болады және еліміздің батыстағы газ өндіретін өңірлерінен газды оңтүстікке жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және осылайша, өзбек және түркімен газына деген тәуелділікті төмендетеді. Жобаны іске асыру Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының солтүстік аудандарының бұрын газдандырылмаған аумақтарын газдандыруды жалғастыру мүмкіндігін білдіретін оң мультипликативті әсер береді, сондай-ақ экспорттық бағыттарды кеңейтеді.

Газ тасымалдаудың жалпы жүйесі магистральдық газ құбырларының (МГҚ), компрессорлық станциялардың (КС), жерасты газ қоймасының (ЖАГҚ) кең желілерін, сондай-ақ тарату газ құбырларын қамтиды.

ҚР-да қалыптасқан газбен жабдықтау схемасы тасымалдаудың орталықтандырылған басқару жүйесімен және табиғи газды жеткізумен сипатталады. Алайда, табиғи газ сияқты, сондай-ақ сұйытылған газды да ішкі нарықта одан әрі дамыту, көбінесе газ өндіретін, газ тасымалдайтын және газ тарату ұйымдарының, сондай-ақ өңірлік деңгейдегі жергілікті органдардың үйлестірілген бірлескен іс-қимылдарына байланысты.

Жиынтығында ҚазТрансГаз шамамен 39,9 мың км болатын жоғары, орташа және төменгі қысымды газ тарату газ құбырларын пайдаланады.

Бүгінгі таңда ҚР 14 облысының 10-ы газдандырылған, бұл ретте көп жағдайда облыс орталықтары ғана газдандырылған. Бірқатар газдандырылған облыстарда газдандыру деңгейі кемінде 14%-ды құрайды. 2015 жылы ҚР халқын газдандырумен қамту деңгейі 39%-ды құрады.

2015-2030 жылдарға арналып бекітілген Газдандырудың бас схемасы жаңа газ құбырларын кең ауқымды салу арқылы ғана емес, әйтсе де республика өңірлерін газдандырудың баламалы және ұтымды көздердін іздеу арқылы да Қазақстанның ішкі тұтынушыларын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған. Бұған қоса, сұйытылған табиғи газбен өңірлерді газдандыруды ынталандыру және дамыту шеңберінде мотор отыны ретінде газды пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шаралары қарастырылатын болады.

Көмірсутекті ішкі және сыртқы нарыққа жеткізудің көпвекторлық қағидаттарына сүйене отырып, Қазақстан табиғи газды транзиттеу және экспорттық жеткізу бойынша барлық экономикалық тұрғыдан тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады. Бұл ретте, іргелес жатқан елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу Қазақстан үшін маңызды болып табылады, себебі транзиттік-экспорттық бағыттар олардың аумағынан өтеді.

Ішкі тұтыну өсімін және қайта айдаудың айтарлықтай көлемдерін ескере отырып, Қазақстанның экспорттық газ әлеуеті әлі де аздау. Экспорттық жеткізудің маңызды өсімі газды кері айдау көлемдерін азайту есебінен мүмкін болмақ, ол солай болғанымен, кен орындарын игеру технологиялық схемаларымен көзделмейді.

Қатысу картасы



2015 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒАЛАР




- ▶ Қарашығанақ газ конденсаты кен орнынан 2038 жылға дейін газ сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді келісімшарты жасалған
- ▶ 21.10.2015 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2015 хаттаманың 17-тармағы) 185 200 теңге сомасында «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларын төлеу есебінен «ҚМГ Қансу Оперейтинг» ЖШС-ның 100% қатысу үлесі иеліктен шығарылды
- ▶ 21.10.2015 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2015 хаттаманың 18-тармағы) 3 751 420 286 теңге сомасында «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларын төлеу есебінен «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-ның 100% акциялар пакеті иеліктен шығарылды
- ▶ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салудың екінші кезеңінің желілік бөлігін «Бейнеу-Бозой» учаскесін салу аяқталды. Пайдалануға енгізуге техникалық даярлық жұмыс комиссиясының 30.10.2015ж. актісімен расталған болатын, 2015 жылғы 20 қарашада «Бейнеу-Бозой» газ құбырының 0-311км. учаскесі бойынша газ қосу ресми рәсімі өтті
- ▶ Мемлекеттік комиссияның актілерімен «С» желісінің желілік бөлігі және «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырының № 2, № 6 компрессорлық станциялары пайдалануға енгізілді және «С» желісінің өткізу қабілеті жылына 12,7 млрд м³ газға дейін жеткізілді
- ▶ Шоғырландырылған борышқорлық жүктемені төмендету жөнінде айтарлықтай жұмыс жүргізілді, ол халықаралық инвестициялық банктерден алынған синдикатталған қарызды өтеумен қоса, өзіне жалпы сомасы 92 311 млн теңгеге «Интергаз Орталық Азия» АҚ еврооблигацияларын кері сатып алуды ұйымдастыруды қамтиды. Сонымен қатар «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Бірінші облигациялық бағдарламасының шеңберінде 2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ облигацияларын 3 632 млн теңге сомасына сатып алу жөнінде топшілік мәміле жүзеге асырылған болатын
- ▶ «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның базасында газ құбырларын пайдалану бойынша Бірыңғай оператор құрылды
- ▶ «ҚазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС-ның базасында Бірыңғай сервистік компания құрылды
- ▶ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның базасында Бірыңғай сатып алу ұйымдастырушысы құрылды



- ▶ ҚР-ның қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олардың нәтижесінде:
 - ▶ 10 қабаттан көп тұрғын үй ғимараттарын газдандыру жөнінде қойылған шектеулер (ҚР ҚНЖҚ 3.02-43-2007) алынды;
 - ▶ көпқабатты тұрғын үй ғимараттарына жапсарлас құрылыстарда газ отынымен жанатын газбен жанатын шағын көлемді қазандықтарды орнату жөніндегі шектеулер (ҚР ҚН 4.02-12-2002) алынған;
 - ▶ үй-жайда табиғи және улы газ қоспасының қауіпі туындаған кезде газ беруді автоматты түрде ажыратумен қоса газдану жағдайын бақылау жүйелерімен міндетті жарақтандыру талаптарын белгілеу жолымен тұтынушылардың, газды пайдалану жабдықтары орнатылған әрбір үй-жайдың қауіпсіздік деңгейі арттырылған (ҚР ҚН 4.03-01-2011 және ҚР ҚНЖҚ 3.02-43-2007);
 - ▶ санитарлық аумақты 300 метрден 100 метрге төмендету жолымен (ҚР СанҚжН) АГТКС құрылыс талаптары жақсартылған.

- ▶ Газдандыру жөніндегі жұмыстар жүргізілді:
 - ▶ Шымкент қ. газ тарату желілерін жаңғырту шеңберінде – 173,2 км газ құбырлары салынды, 8 ГТП, 2110 ШП, 74 ГТПШ орнатылды, 3264 абонент қайта қосылды.
 - ▶ Қызылорда облысының елді мекендерін газдандыру жобасының шеңберінде 2015ж. 1276,47 км газ құбыры төселді, оның ішінде: жоғары қысымды (бұрым) - 64,15 км, жоғары қысымды - 49,25 км, орташа қысымды - 115,68 км, төменгі қысымды - 1047,39 км, 5 дана АГТС-ке, 13 дана ГТП-ге, 174 дана ГТПШ-ке, 2 дана ГШЕП-ге монтаждау жүргізілді.
 - ▶ Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту шеңберінде – Жобаның бірінші кезегінің 4 қосу кеңесі бойынша 261,97 км газ құбыры салынды, 6 888 шкафтық пункт орнатылған, 27 газ реттеу шкафтық пункті, 1 газоблокты пункт, 27.11.2015ж. №08-0359/155 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынған 5 іске қосу кешеніне ЖСҚ әзірленді.
 - ▶ Маңғыстау облысының газ тарату желілерін жаңғырту, қайта құру және жаңасын салу жобасының шеңберінде 71,3 км газ құбырлары төселді, 7 кешені ГТПШ, 5 дана ПГБ орнатылды
 - ▶ Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру жобасының және газ тарату желілерін жаңғырту шеңберінде 252 км газ құбыры төселді, 2 дана ГТПШ, 2 дана ПГБ орнатылды.



«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобын дамыту стратегиясы туралы

Ақпарат

«ҚазТрансГаз» АҚ және оның газ саласындағы қызметті жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдары, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ құрамында тік интеграцияланған компаниялар тобын құрайды.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның негізгі стратегиялық мақсаты активтер құнын арттыру және газ саласын жаңғыртуға және әртараптандыруға жәрдем көрсету болып табылады.

АО «ҚазТрансГаз» миссиясы

елді газбен жабдықтауды сенімді және тиімді басқару

АО «ҚазТрансГаз» пайымы

жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті газ компаниясы

Стратегиялық басымдықтарын іске асыру мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ мынадай стратегиялық бизнес-бағыттарды біріктіріп дамытуға шоғырланады:

- › ресурстық базаны кеңейту
- › магистральдық газ тасымалдау
- › газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау
- › газбен жасалатын сауда операциялары

Сөзсіз ҚазТрансГаз-дың стратегиялық басымдығы:

- › басқару жүйелерін жетілдіру
- › мемлекет үшін стратегиялық пайда табуды және жергілікті қамтуды дамытуды қамтамасыз ету болып табылады



«Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңына сәйкес Ұлттық оператор – «ҚазТрансГаз» АҚ ҚР-ның жер қойнауын пайдаланушыларынан шикі және тауарлық газ сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын жүзеге асырады.

2015 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР Энергетика министрлігі ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекітті.

Қазіргі уақытта Ресей Федерациясына жіберу қазақстандық газды экспорттау үшін негізгі өткізу нарығы болып табылады. «Бейнеу–Шымкент» газ құбырының толық жобалық қуатқа шығуымен қоса ҚХР-ға жаңа экспорттық жіберу жолы ашылады.

Республиканың өңірлерінде экологиялық жағдайды жақсарту, сондай-ақ газмотор отынын дамыту мақсатында ҚазТрансГаз 2010 жылдан бастап автогаз толтыру компрессорлық станцияларын (АГТКС) салуды және сығылған табиғи газ (СТГ) өткізуді жүзеге асыруда.

2010–2015 жж. кезеңде ҚазТрансГаз компаниялар тобы Алматы қ. 5 АГТКС салды және Рудный қ. 1 АГТКС-ты балансқа қабылдауды жүзеге асырды.

АГТКС салу жөніндегі жобаларды іске асыру басталғаннан бері 2011-2015 жж. кезеңінде шамамен 54 мың тонна ДО (65,8 млн. текше м) алмастырылды.

Тауарлық газ өндірісі

0,29 млрд м³

ҚазТрансГаз үлесі 1,3 %
Республика бойынша 21,3 млрд м³

Ішкі нарыққа жеткізу

11,5 млрд м³

ҚазТрансГаз үлесі 88,5 %
Республика бойынша 12,6 млрд м³

Импорт

4,4 млрд м³

ҚазТрансГаз үлесі 100 %
Республика бойынша 4,4 млрд м³

Экспорт

2,6 млрд м³

ҚазТрансГаз үлесі 19,8 %
Республика бойынша 13,1 млрд м³



«ҚазТрансГаз» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Қайрат Шәріпбаев



«ҚазТрансГаз» АҚ
Басқарма төрағасы
Рустам Сулейманов

Құрметті «ҚазТрансГаз» АҚ-ның акционерлері мен әріптестері!

«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобына кіреді және елдегі ұзындығы 17 мың км астам 160 млрд текше метрге дейін жылдық өткізу қабілетімен көліктік газ құбырларының негізгі желісін, ұзындығы 40 мың км астам газ тарату құбырлары желісін бақылайды. Оларда 322 газ айдау агрегаты орнатылған 31 компрессорлық станцияның іркіліссіз жұмысын қамтамасыз етеді, 3 жерасты газ қоймасына қызмет көрсетеді.

Біз осы құжат экономикалық және әлеуметтік салаларда компания қол жеткізген прогресті байқауға көмектеседі деп сенеміз. Өткен жыл бүкіл мұнай-газ секторы мен тұтастай алғанда еліміздің экономикасы үшін айтарлықтай күрделі болды. Осындай ахуал дүниежүзілік экономикада болып жатқан дағдарыс, сондай-ақ көмірсутегі бағасының күрт төмендеуі салдарынан пайда болды. Бірақ, дүниежүзілік келеңсіз үрдіске қарамастан, «ҚазТрансГаз» АҚ жылды ұтымды көрсеткіштермен аяқтады. Осылайша 2015 жылдың қортындысы бойынша газ экспорты 12,7 миллиард текше метрді құрады, ол 2014 жылғы деңгейден 15 %-ға артық және бар-жоғы 3,4 миллиард текше метр газ экспортталған 2000 жылғы деңгейден 3,5 есеге артық.

Тұтынушыларға газ берумен қамтуды ұлғайтумен негізделген газ тұтынудың өсу үрдісі де байқалып отыр. 2015 жылдың қорытындысы бойынша ішкі нарықта газ тұтыну 12,1 миллиард текше метрді құрады, ол 2000 жылғы тұтыну деңгейінен 2,5 есеге артық. Өндірістік көрсеткіштер өңірлік газ тасымалдау бөлігінде де, сондай-ақ газбен жасалатын сауда операциялары бөлігінде де орындалды. Шоғырландырылған кіріс 2015 жылы 471,4 млрд. теңгені құрады, ол өткен жылға қарағанда 30 %-ға жоғары. Тұтастай алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы мемлекеттік бюджетке 25,2 млрд. теңгеге салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төлеген болатын.

Есепті кезеңде Компания бизнес әлеуметтік жауапкершілік саласында айтарлықтай




ілгерілетуге қол жеткізді. Өзінің әлеуметтік миссиясын «ҚазТрансГаз» қоғамның әлеуметтік алға басуына және оның әл-ауқатының өсуіне, ол болатын өңірлердің тұрақты дамуы мен халықтың әл-ауқатының өсуіне, өз қызметкерлерінің әл-ауқаты деңгейін арттыруға жәрдем көрсету деп біледі. Компанияда ауқымды, оның ішінде халықаралық жобалар да табысты іске асырылуда, қазіргі заманғы технологиялар енгізілуде, әртараптарндыру және ішкі трансформация саясаты белсенді жүргізілуде. Жұмысшы кәсіптері бойынша тарифтік мөлшерлемелерді сәйкестендіретін және жалақы есептеудің бірдей алгоритімін айқындайтын компаниялар тобы бойынша еңбекақы төлеудің Бірыңғай жүйесі енгізілді. Негізінен, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу жобасы іске асырылуда. Өткен жылдың аяғында осы газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды, сондай-ақ «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырының үшінші желісі пайдалануға енгізілді, ол жиынтығында газды тасымалдаудың транзиттік және экспорттық маршруттарды әртараптандыруға және республиканың оңтүстік өңірлерінің импорт газына деген тәуелділігін болдырмауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл екі индустриялық жоба барлық отандық магистральдық газ құбырларын бірыңғай газ тасымалдау жүйесіне қосылуға мүмкіндік берді. Импорттық көк отыннан бас тарту халқы тығыз орналасқан облыстың өзінде ұдайы болатын газ тапшылығынан арылуға ғана мүмкіндік бермей, сондай-ақ Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жасалған нақты қадам болды.

Компанияның қаржылық нәтижелерін жақсарту елдің әл-ауқатының және ол болатын өңірлердің әл-ауқатының өсуіне оның үлесін арттыру үшін негізін қалайды, онда Компания халықтың айтарлықтай бөлігінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді. Компанияның кәсіпорындарында 11 мыңнан артық адам жұмыс істейді. Біз ең үздік қызметкерлерді тартуға және жұмыста ұстап қалуға, оларды кәсіби дамытуға және оларға Қоғамның құндылықтарын дағдыландыруға ұмтыламыз. Басты қағидаттардың бірі экологиялық мәселе – біз Ұлы дала энергиясын қазақстандықтардың игілігіне айландыра отырып, табиғатқа ұқыпты қараймыз.


«ҚазТрансГаз» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Қ. Шәріпбаев

«ҚазТрансГаз» АҚ
Басқарма төрағасы
Р. Сулейманов


Қаржылық және өндірістік көрсеткіштері




Магистральдық тасымалдау *млн текше м*




Газ өткізу *млн текше м*




Тауарлық көліктік жұмыс *млрд текше м*км*



Газ өндіру *млн текше м*



Кірістер *млн теңге*



Шығыстар *млн теңге*

Негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштер

«ҚазТрансГаз» АҚ қызметінің негізгі түрлері сыртқы және ішкі нарықтарда газ өткізу, сондай-ақ газ өткізу, тасымалдау және тарату газ құбырларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдарға жетекшілік ету болып табылады.

Өндірістік көрсеткіштер, млн. м³

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Табиғи газды өткізу	3 064	7 602	14 131	186%
<i>Ішкі нарық</i>	<i>686</i>	<i>5 800</i>	<i>11 543</i>	<i>199%</i>
<i>Экспорт</i>	<i>2 378</i>	<i>1 802</i>	<i>2 588</i>	<i>144%</i>

(топішілік операцияларды шегерусіз)

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның орталық аппараты бойынша 2015 жылы топішілік операцияларды алып тастамай, табиғи газды өткізу 14 131 млн м³ құрады, оның ішінде экспортқа – 2 588 млн м³.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ акционерлік қоғамы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалған.

Ішкі нарықтың тұтынушыларына газ жеткізу «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ және өзге де газ тарату ұйымдары арқылы қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарынан, сондай-ақ «Газпром» ЖАҚ-пен жасалған СВОП-операцияларының шеңберінде жеткізілетін импорт газынан газ өткізу жолымен жүзеге асырылады.

Экспортқа газ жеткізу Gazprom Schweiz AG компаниясының атына қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың («Теңізшевройл» ЖШС, «СНПС Ақтөбемұнайгаз» АҚ және «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС) ресурстары есебінен мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- «ОАО» МГҚ бойынша «Александров Гай» ГӨС-ке берілетін көлемдерді өлшеумен;
- «Оренбург-Новопсков» МГҚ бойынша «Александров Гай» ГӨС-ке берілетін көлемдерді өлшеумен.
- «Бұхара-Орал» МГҚ бойынша «Домбаровка» ГӨС-ке берілетін көлемдерді өлшеумен.

Бұған қоса, экспортқа газ жеткізу, сондай-ақ «Бұхара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы» МГҚ бойынша Амангелді кен орындарының ресурсынан «Қырғызгаз» ААҚ атына да жүзеге асырылады.

Қаржылық көрсеткіштер, млн тг

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	80 787	136 725	240 788	176%
<i>Жалпы пайда</i>	<i>46 373</i>	<i>52 450</i>	<i>62 297</i>	<i>119%</i>
<i>Таза пайда</i>	<i>28 809</i>	<i>25 521</i>	<i>-26 683</i>	<i>-151%</i>

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі – «ИОА»/ИОА АҚ) қызметінің негізгі бағыттары магистральдық газ құбырлары жүйесі бойынша табиғи газды тасымалдау, жерасты қоймаларында газ сақтау жөніндегі қызметтерді көрсету, МГҚ мен ӨГҚ пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету.


Табиғи газды тасымалдау Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының аумақтары бойынша жүзеге асырылады.

Табиғи газды халықаралық тасымалдау «ИОА» АҚ бизнесінің негізгі кіріс көзін құраушы болып табылады. ҚР аумағы арқылы табиғи газды тасымалдауға арналған орта мерзімді келісімшартты «Газпром» ЖАҚ-мен 2011-2015 жылдарға жасасу, сондай-ақ газ тасымалдау және газ транзиті саласындағы ынтымақтастық туралы басқа да ұзақ мерзімді келісімдердің, МГҚТЖ жаңғыртуға және күрделі жөндеу жөнінде жүргізілген іс-шараларға инвестицияның бар болуы есепті кезеңде тұрақты кіріс алуға мүмкіндік берді.

Өндірістік көрсеткіштер, млн. текше м


	2013	2014	2015	в % к 2014
Газ тасымалдау көлемдері	93 658	87 113	83 965	96%
Ішкі нарық	10 369	11 939	11 483	96%
Экспорт	12 021	11 164	12 745	114%
Халықаралық транзит	71 267	64 010	59 737	93%

2015 жылы газ тасымалдау көлемдері бойынша жоспарды орындау 96%-ды құрады. 2014 жылмен салыстырғанда ортаазиялық газ транзитінің қысқаруына байланысты газды тасымалдау көлемдерінің төмендеуі байқалады.



Табиғи газ тасымалдау көлемдері

млн текше м



Тауар тасымалдайтын жұмыстар көлемдері

млрд текше м/км

Есепті кезеңде ТТЖ төмендеуі 2015 жылы ортаазиялық газ транзиті көлемінің қысқаруына байланысты болды.

Қаржылық көрсеткіштер, млн тг

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	102 850	118 179	129 498	110%
Жалпы пайда	37 439	53 450	68 849	129%
Таза пайда	16 156	19 753	8 570	43%

АО «КазТрансГаз Аймақ»

«КазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның негізгі қызметі магистральдық және таратушы газ құбырлары бойынша қызметтер көрсету, газ тарату қондырғыларын және олармен байланысты газ таратушы газ құбырларын пайдалану, маркетинг, сатып алу, газды тұтынушыларға өткізу болып табылады.

«КазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның басым міндеттері «КазТрансГаз Аймақ» АҚ болатын өңірлерде барлық санаттағы тұтынушыларды (халықты, коммуналдық мақсаттағы кәсіпорындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды) авариясыз, іркіліссіз және қауіпсіз газбен жабдықтаумен қамтамасыз ету.

Өндірістік көрсеткіштер, млн м³

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Газды тарата тасымалдау	4 235	5 882	7 575	129%
Газды магистральдық тасымалдау	2 139	2 487	2 495	100%
Табиғи газды өткізу	9 096	10 272	10 114	98%

ТМРЖБҚК 2015 жылғы 17 шілдедегі № 294-ОД бұйрығымен 2015-2020 жылдарға арналған «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалының газ тарату жүйелері бойынша 2015 жылғы 1 қыркүйіктен бастап қолданысқа енгізумен, тауарлық газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің шекті деңгейі бекітілген.

ТМРЖБҚК 2015 жылғы 23 қарашадағы № 445-ОД бұйрығымен 2015-2020 жылдарға арналған «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Жамбыл өндірістік филиалының газ тарату жүйелері бойынша 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізумен, тауарлық газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің шекті деңгейі бекітілген.

ТМРЖБҚК 2015 жылғы 23 қарашадағы № 446-ОД бұйрығымен 2016-2020 жылдарға арналған «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Батыс Қазақстан өндірістік филиалының газ тарату жүйелері бойынша 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізумен, тауарлық газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің шекті деңгейі бекітілген.

ТМРЖБҚК 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 150-ОД бұйрығымен 2015-2019 жылдарға арналған «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Қостанай өндірістік филиалының газ тарату жүйелері бойынша 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізумен тауарлық газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің шекті деңгейі бекітілген.


ТМРЖБҚК 2015 жылғы 17 шілдедегі № 293-ОД бұйрығымен 2015-2020 жылдарға арналған «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының газ тарату жүйелері бойынша 2015 жылғы 1 қыркүйіктен бастап қолданысқа енгізумен, тауарлық газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің шекті деңгейі бекітілген.

ТМРЖБҚК 2015 жылғы 21 тамыздағы № 348-ОД бұйрығымен 2015-2019 жылдарға арналған «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалының газ тарату жүйелері бойынша 2015 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізумен, тауарлық газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің шекті деңгейі бекітілген.

ТМРЖБҚК 2015 жылғы 21 тамыздағы № 348-ОД бұйрығымен 2015-2019 жылдарға арналған «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Оңтүстік Қазақстан өндірістік филиалының газ тарату жүйелері бойынша 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізумен тауарлық газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің шекті деңгейі бекітілген.

Қаржылық көрсеткіштер, млн тг

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	108 335	140 042	136 189	97%
Жалпы пайда	6 575	8 773	10 852	124%
Таза пайда	2 094	1 724	1 835	106%



Газ өткізу көлемдері

млн текше м

2015 жылы тарифтердің шекті деңгейі Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау (ГТС), Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша бекітілген.

«ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ

«ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ (бұдан әрі – ҚТГ-Алматы) тауарлық газды өңірлік өткізуді және оны тасымалдауды жүзеге асыратын компания болып табылады. «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ-ның құрылтайшысы «ҚазТрансГаз» АҚ болып табылады.


Өндірістік көрсеткіштер, млн м³

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Табиғи газды өткізу	1 342	1 197	1 101	92%
Газды тарата тасымалдау	1 096	1 253	1 162	93%

«ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ-ның 2015 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша газ өткізу көлемі жылумен жабдықтайтын ұйымдар сұраныстарының төмендеуіне және ауа-райының жылы болуына байланысты 1 101 млн. дейін немесе өткен жылмен салыстырғанда 8%-ға төмендеді.

Қаржылық көрсеткіштер, млн тг

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	23 313	23 919	26 056	109%
Жалпы пайда	-11 548	-2 727	-9 038	331%
Таза пайда	-16 699	-21 110	-13 939	66%



2014-2015 жылдары пайда болған шығындар Алматы өңірінің әлеуметтік тұрақтылығын сақтау және Алматы өңірі тұрғындарының сұраныстарын қамтамасыз ету үшін PetroChina-мен жасалған газды қарызға алу туралы келісім міндеттемелерін орындаумен негізделген.

2015 жылы «ҚТГ Алматы» ЖШС оған бес еншілес ұйымды «Алматы газ желілері» ЖШС, «ГазКонтрольПрибор» ЖШС, «АГС-Сервис» ЖШС, «АлматыГазТрейд» ЖШС, «Алматыгазконтракт» ЖШС қосу жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілді.

Алматы қ. ТМРЖБҚҚД 2015 жылғы 16 шілдедегі № 288-ОД бұйрығымен, Серіктестік Алматы қ. және Алматы облысының аумағында қызметін жүзеге асыратын «газ тарату жүйелері бойынша тауарлық газды тасымалдау» қызметінің түрі бойынша табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркеуге енгізілген.

Алматы қ. ТМРЖБҚҚД 2015 жылғы 28 тамыздағы № 186-ОД бұйрығымен, жеңілдетілген тәртіппен газ тарату жүйелері бойынша тауарлық газды тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тариф бекітілген.

«Амангелді Газ» ЖШС

«Амангелді Газ» ЖШС қызметінің негізгі түрлері газ және газ конденсатын өндіру болып табылады.

Өндірістік көрсеткіштер

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Газ өндіру, млн. текше м.	322	328	301	92%
Газ конденсатын өндіру, тонна	22	21	19	90%

2015 жыл үшін газ және газ конденсатын өндіру көлемдері бөлігінде өндірістік бағдарламаның орындалуы 92%-ды құрады және тиісінше 90 %.

Қаржылық көрсеткіштер, млн тг

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	4 844	4 921	4 977	101%
<i>Жалпы пайда</i>	2 829	2 253	2 310	103%
<i>Таза пайда</i>	1 637	870	346	40%

Газ және газ конденсатын өткізуден түсетін кірістер 4 977 млн. теңгені құрады.

«ҚазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС

«ҚазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС-ның (бұдан әрі – ҚТГ-Ө) негізгі қызметі табиғи сығылған газды өткізу болып табылады.

Қаржылық көрсеткіштер, млн тг

	2013	2014	2015	2014 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	292	358	4 057	1 133%
<i>Жалпы пайда</i>	65	65	1 204	1 852%
<i>Таза пайда</i>	110	-44	558	602%

ҚТГ-Ө-нің 2015 жылы таза пайдасын ұлғайту трансформация шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның еншілес ұйымдарының автомобиль көлігін және арнайы техниканы ҚТГ-Ө-нің балансына берумен және «ҚазТрансГаз» АҚ-ның табиғи газды өткізу жөніндегі мәмілелерді жүргізумен байланысты көлік қызметтерін көрсетуден түсетін кірісті алумен негізделген.


Инвестициялық қызмет

Негізгі стратегиялық басымдықтарға және бизнес-бағыттарға сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-ның ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламасы мынадай міндеттерді шешуге бағдарланған:

- › Жаңа газ кен орындарын жете барлау және оларды пайдалануға енгізу бағдарламаларын, инертті газды коммерцияландыру жобасын іске асыру;
- › Түпкілікті тұтынушыларға газ тасымалдау жөніндегі қызметтерді теңдестіріп, сенімді және іркілссіз беруді қамтамасыз ету;
- › Өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру есебінен олардың сенімділігін, қауіпсіздігі мен тиімді пайдаланылуын арттыру мақсатында магистральдық газ құбырларының жүйелерін жаңғырту;
- › ҚР елді мекендерін газдандыру жолымен газбен жабдықтаудың ішкі нарығын кеңейту;
- › ҚР-ның транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту;
- › Ресурстық базаны кеңейту.

2010-2016жж. кезеңдер үшін жаңа инвестициялық жобаларға КСал*

(млн теңге)



* - бірлесіп бақыланатын ұйымдар – «АГҚ» ЖШС, «БШГҚ» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС жобаларын есептегенде

2015 жылы іске асырылып жатқан жобалар бойынша игерілген инвестициялардың жалпы көлемі 40,6 млрд. теңгені құрады, ол 2014 жылдың ұқсас көрсеткішіне қарағанда 24 млрд. теңгеге немесе 147%-ға артық. Есепті кезеңде инвестициялардың айтарлықтай өсімі елді мекендерді газдандырудың ірі инвестициялық жобаларын іске асыруды бастауға және Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының газбен жабдықтау желілерін жаңғыртуға байланысты.

Бұған қоса, ресурстық базаны одан әрі кеңейту және 2015 жылы ҚР солтүстік және орталық өңірлерін газдандыру мақсатында Қоғам «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру» инновациялық инвестициялық жобаның шеңберінде көмір қабаттарынан метанды геологиялық барлау жөніндегі жұмыстарды бастады.

ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ КЕҢЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

Қазіргі уақытта ресурстық базаны кеңейту мақсатында Қоғам мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде жұмыс жүргізуде:

«Амангелді газ кен орындары тобын игеру»
(«Амангелді Газ» ЖШС)

«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттары метанын өндіру» (геологиялық барлау жұмыстары)»

«Имашев кен орнын геологиялық зерттеу және барлау»
(«ҚазРосГаз» ЖШС)

«Қансу Жобасы»
(«ҚМГ – Қансу Оперейтинг» ЖШС)

«Амангелді газ кен орындары тобын игеру» жобасы

Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес республиканың оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету және 2000 жылғы 12 желтоқсандағы көмірсутек шикізатын бірлесіп барлау және өндіру келісімшартының негізінде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Жамбыл облысында Амангелді газ кен орындары тобын игеру жалғасуда.

Жоғарыда көрсетілген келісімшарттың әрекет ету мерзімі – 2031 ж. дейін.

Жобаны іске асыру шеңберінде «Амангелді» кен орнын өнеркәсіптік пайдалану және өзіне геологиялық барлау және сейсмикалық жұмыстар кешенін, қорларды есептеуді, тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану жобаларын әзірлеуді, өндіруші ұңғымаларды салу жобаларын және кен орнын жайластыру объектілерін қамтитын Амангелді тобының басқа да кен орындарын игеру жүзеге асырылады. Амангелді тобының кен орындарынан алынатын табиғи газдың бекітілген қорлары 15 520 млн м³ құрайды.

2008 жылдың басынан бастап Амангелді кен орны өнеркәсіптік игеру кезеңіне аяқ басты. Қазіргі уақытта 31 ұңғыма пайдалануға енгізілді.

27.11.2014 ж. Жарқұм кен орны тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді, 4 ұңғымада өндірілу жүргізілуде.

2015 жылғы 12 қарашада барлау кезеңі 3 (үш) жылға 2018 жылғы 12 желтоқсанға дейін ұзартылған болатын.

2014-2015 жж. Сұлтанқұдық құрылымында 257,1 қума км көлемінде МОГТ 2D сейсмикалық зерттеулер жүргізілді, оның нәтижесінде құрылымның параметрлері мен болжамды ресурстары, орналасқан жері мен іздестіру ұңғымаларының тереңдігі нақтыланды. Жаңа деректердің негізінде УВС өнеркәсіптік қорларын анықтауға құрылымның перспективалылығын нақтылау мақсатында 2016-2018 жж. тереңдігі 4 250 м 1 тәуелсіз ұңғыманы және тереңдігі тиісінше 5000 м және 2970 м 2 тәуелді ұңғыманы бұрғылауды көздейтін «Сұлтанқұдық құрылымындағы (Барханныя-Сұлтанқұдық) іздестіру жұмысының жобасына №2 қосымша» жобалық құжат әзірленді.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану басталғаннан бастап Амангелді кен орнында 3,7 млрд м³ табиғи газ және 281 мың тонна газ конденсаты өндірілді, оның ішінде 2015 жылы 301 млн м³ табиғи газ және 19 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру» жобасы (ҒЗТКЖ шеңберінде ГБЖ 1-ші кезеңі)»

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың көмір қабаттарынан метан барлауды және өндіруді ұйымдастыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын (Жол картасын) орындау үшін, «ҚазТрансГаз» АҚ 2015 жылдан бастап «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттары метанын өндіру» инновациялық инвестициялық жобасының шеңберінде көмір қабаттарынан метанды геологиялық барлау жөніндегі жұмыстарды («Сарыарқа» ӘКК» ҰК» АҚ-ның жер қойнауын пайдаланушыларымен 03.04.2015ж. келісім бойынша) жүргізеді. Жобаны басқару және ГБЖ жүргізу барысына техникалық қадағалау үшін КҚМ-ды барлау және өндіру жобаларын іске асыруда оң тәжірибесі бар компания тартылды.

«ҚазТрансГаз» АҚ ҚХР-да (PetroChina CBM), Индияда (Essar Group), РФ-де (Газпром добыча Кузнецк) КҚМ барлау және өндірудің халықаралық тәжірибесін зерделеді.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2015-2016 жж.

Осы уақытта ГБЖ 1-ші кезеңі бойынша 8 тік ұңғыма бұрғыланды, оның ішінде: 5 тәжірибелік-пайдалану және 3 геологиялық ұңғымалар, ұңғымаларда қабаттарды интенсификациялау жөнінде операциялар жүргізілді, игеру жүргізілуде. Керн үлгілерін далалық және зертханалық зерттеу Corelab (США), NCCBM (КНР), Geokrak (Польша) мамандандырылған зертханаларында жүргізілді. Кернді зерттеу нәтижелерін үш зертханалардан да 2016 жылғы сәуірде алу жоспарланған.

2016 жылы геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру, есептеу, қорларды ҚР мемлекеттік балансына қою және ТЭН әзірлеу жоспарланды. Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері алынғаннан кейін (ҒЗТКЖ шеңберінде ГБЖ Жобасының 1-ші кезеңі), Жобаны одан әрі іске асыру туралы түпкілікті шешім қабылданатын болады.

Инвестициялар тарту және ҚР өңірлерінің тұрғындары үшін тауарлық газдың ұтымды құнын қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында, «ҚазТрансГаз» АҚ уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, көмір қабаттары метанын барлау және өндіру жөніндегі қызметті мемлекеттік қолдау бойынша бастама көтеру жөнінде белсенді жұмыс жүргізуде. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша «жасыл экономика» бойынша заң жобасының шеңберінде ҚР Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер енгізу жолымен көмір қабаттары метаны саласын дамытуға инвестициялық және салық преференцияларын беру мүмкіндігі туралы ұсыныстарды ҚР Үкіметі, Республикалық бюджет комиссиясы қолдап, ҚР Сенатының бірінші және екінші оқылымдарында 2015 жылғы наурызда оң тұрғыдан мақұлданды.

«Имашев кен орындарын геологиялық зерделеу және барлау»

- › 2005 ж. 18 қаңтарда ҚР мен РФ арасында Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы мемлекетаралық шарт жасалған болатын, оның нәтижесінде Имашев кен орны трансшекаралық кен орны мәртебесін алды.
- › 2010 ж. 07 қыркүйекте ҚР мен РФ Үкіметтерінің арасында Имашев кен орны трансшекаралық газ конденсаты кен орнын геологиялық зерделеу және барлау жөніндегі бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойылды.

Келісім бойынша Имашев кен орнына жүргізілген геологиялық зерделеу барысында жұмсалатын шығыстарды тең бөлу шартымен уәкілетті ұйымдар «ҚазМұнай-Газ» ҰКАҚ – 50% және «Газпром» ЖАҚ – 50% болып табылады.

- › 2013 ж. 11 қарашада Келісім жөніндегі оператор - «ҚазРосГаз» ЖШС-ға ҚР аумағындағы сияқты, сондай-ақ РФ-да да Имашев кен орнын геологиялық зерделеуге (РФ) және барлауға (ҚР) жер қойнауын пайдалану құқықтарын беру мақсатында Келісімге өзгерістер енгізу Хаттамасына қол қойылған. Хаттама 2014 жылғы 18 сәуірден бастап күшіне енді.
- › 2015 жылғы 22 маусымда «ҚазРосГаз» ЖШС-дағы ҚМГ-ның 50% қатысу үлесін басқару «ҚазТрансГаз» АҚ-ға берілді.

Жобаның іске асырылу мерзімі – 2015-2021 жж.

2015 жылы жоба бойынша ҚР геологиялық ақпарат пакеті ішінара сатып алынған, геологиялық зерделеуге және барлауға арналған Бірыңғай жоба әзірленген.

2016 жылы ҚР мен РФ-ның геологиялық қорларынан ҚР мен РФ-ның тарихи ақпарат алу, мемлекеттік сараптамадан өткізу және ҚР мен РФ-ның құзырлы органдарында ОВОС алды және жер қойнауын пайдалану келісімшартын алу жөніндегі рәсімдерден өтуді қоса алғанда, Бірыңғай жобаны қорғау жоспарланып отыр.

«Қансу жобасы»

21.10.2015 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2015 хаттама 17-тармақ) 185 200 теңге сомасында «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларын төлеу есебінде «ҚМГ- Қансу Оперейтинг» ЖШС-ның 100% қатысу үлесін иеліктен шығару жүргізілді.

29.03.2016 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан «ҚазТрансГаз» АҚ-ға жалғыз қатысушыны ауыстырумен қоса Ақтау қ. Әділет басқармасына Серіктестікті қайта тіркеу жүргізілді.

Аталған сәтке «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан «ҚМГ-Қансу Оперейтинг» ЖШС-ның пайдасына «Қансу» учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөнінде жұмыс жүргізілуде.

САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ

Экспорттық әлеуетті кеңейту мақсатында мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде жұмыстар жүргізілуде:

«Қазақстан-Қытай» МГҚ (1-ші учаскесі)
(«Азиялық Газ құбыры» ЖШС) қуатын арттыру

«Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырын салу»
(«Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС)

«БГА-ТБА» МГҚ-ның өткізу қабілетін арттыру және «Қазақстан-Қытай» МГҚ-ға («ИОА» АҚ) газ беру үшін ТІР-02 мойнағында ДКС салу

«Қазақстан-Қытай» МГҚ-ның қуатын арттыру (1-ші учаске)» жобасы

2011 жылғы 27 шілдеде «2007 жылғы 18 тамыздағы ҚР мен ҚХР Үкіметтерінің арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдалану ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2 хаттамаға қол қойылды, оған сәйкес Тараптар «Қазақстан-Қытай» МГҚ-ның бірінші учаскесінің қуатын жылына 25 млрд. м³ арттыруды жүзеге асыруға келісті, олардың жылына 20 млрд. м³ ҚХР-ға түркімен және өзбек газының транзитін жүзеге асыру мақсатында қытай тарапымен пайдалануға, ал жылына 5 млрд. м³ ҚР ішкі нарығының газға деген қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында қазақстан тарапына, сондай-ақ газды ҚХР-ға ықтимал экспорттауға арналған.

Жоба ұзындығы 1 304 км болатын жылына 25 млрд м³ дейін өткізу қабілетімен магистральдық газ құбырын салуды көздейді.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2012-2017 жылдар.

2011 жылғы 26 қыркүйекте ҚМГ, ҚТГ және TAPLine арасында «Қазақстан-Қытай» газ құбырының бірінші учаскесінің «С» желісін жобалауды, қаржыландыруды, салуды және пайдалануды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары туралы келісімге қол қойылды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жобаның мынадай негізгі жұмыстары орындалған болатын:

- 2015ж. 09 шілдеде газ құбырының желілік бөлігі пайдалануға енгізілді.
- 2015ж. 16 шілдеде №6 компрессорлық станция пайдалануға енгізілді.
- 2015ж. 23 шілдеде №2 компрессорлық станция пайдалануға енгізілді.
- 2015ж. 3 желтоқсанда Қоғамның Инвестициялық комитеті құрылысты аяқтаудың түпкілікті мерзімін ауыстырумен құрылыс кестесін түзету және жобаны 2015 ж. желтоқсаннан бастап 2017 жылғы шілдеде пайдалануға енгізу алдын ала мақұлданды.

· ҚР ТМРЖБҚҚД 2015 ж. 31 желтоқсандағы №278-НҚ бұйрығымен 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізе отырып, ҚҚС-сыз 1000 м³ үшін 3 494 теңге мөлшерінде 2016-2019 жылдар кезеңіне арналған магистральдық газ құбырлары бойынша тауарлық газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тариф бекітілген.

Қазіргі уақытта одан әрі 2016-2017 жж. кезеңінде алты компрессорлық станциясын салуды ескере отырып, жылына 12 млрд.м³ дейінгі көлемде жобалық қуатқа қол жеткізілді және жылына 25 млрд.м³ дейін газ құбырының қуатын кезең-кезеңмен арттыру жоспарланып отыр.

Газ құбыры іске қосылғаннан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5,9 млрд.м³ тасымалданды.

2016 жылы құрылыстың бекітілген кестесіне сәйкес 19 млрд.м³ газ құбырының қуатын жеткізе отырып №4 және №8 компрессорлық станцияларын салуды аяқтау және пайдалануға енгізу жоспарланған.

«Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырын салу» жобасы

ҚР оңтүстік өңірлерін газға деген қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету, импорт газына тәуелділікті азайту және ҚР энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу» жобасын іске асыру жалғастырылуда.

Газ құбыры маршруты Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағы арқылы өтеді және мынадай негізгі техникалық сипаттамалары бар: 1-кезең – 2012-2017 жж., өткізу қабілеті жылына 6 млрд. м³ дейін; 2-кезең – 2013-2017 жж., өткізу қабілеті жылына 10 млрд. м³ дейін, ұзындығы 1 477 км, диаметр 1 067мм (бір желілік орындауда).

2010-2015 жж. кезеңінде Жобаны іске асыру мақсатында мыналар орындалды:

› 2007 жылғы 18 тамыздағы ҚР және ҚХР Үкіметтерінің арасындағы Қазақстан – Қытай газ құбырын салудағы және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге (ҰАК) қол қойылды;

› 2010 ж. 12 маусымда ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға ресми сарапының шеңберінде Қазақстан – Қытай газ құбырын салудағы және пайдаланудағы негізгі қағидаттар туралы келісімге (КҚК) қол қойылды.

› 2011 ж. 18 қаңтарда Жобаны іске асыру мақсатында ҚР аумағында бірлескен қазақстандық-қытайлық жобалық компаниясы – «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС құрылған.

› «КИНГ» АҚ және CPPEI жобалық институттары консорциумымен «Мемсараптама» РМК-ның тиісті оң қорытындыларын алып және Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері жөніндегі агенттігінде бекітіліп, ТЭН және ЖСҚ түзету жұмыстары аяқталды.

› 2012 ж. 17 шілдеден бастап «Бозой-Шымкент» учаскесінде газ құбырының желілік бөлігін салу жүргізілуде.

› 2013ж. 2 желтоқсанда өткізу қабілетімен жылына 2,5 млрд. м³ дейін «Бозой-Шымкент» (311-1453 км), Мемлекеттік қабылдау комиссиясының «Бозой» ГЭС желілік бөлігін пайдалануға енгізу туралы актісіне қол қойылды.

› 2013ж. 27 желтоқсанда «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ бойынша газ тасымалдау басталды.

› 2015ж. 29-30 қазанда Жұмыс комиссиясымен «Бейнеу-Бозой» газ құбырының желілік бөлігін (0-311км) қабылдау жүргізілді.

› 2015ж. 20 қарашада «Бейнеу-Бозой» газ құбырының учаскесі (0-311 км) бойынша газды іске қосу ресми салтанаты өтті.

› 2015ж. 15 желтоқсанда «Мемсараптама» РМК-мен Жобаны түзетуге ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған №01-0617 шартқа қол қойылды.

› ҚР ТМРЖБҚҚД 2015ж. 31 желтоқсандағы №278-ОД бұйрығымен 2016 жылғы 01 наурызда қолданысқа енгізе отырып ҚҚС-ты ескермегенде 1000 м³ үшін 18 071 теңге мөлшерінде магистральдық газ құбырлары бойынша тауарлық газды тасымалдау жөніндегі тариф бекітілген.

› 2015 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тасымалдау басталғаннан бастап 2,6 млрд.м³ газ тасымалданды.

Тасжолдар бойында жолдар, РЭБ және "Шорнақ", "Қараөзек", "Ақсуат" және "Сақсауыл" ВК және «Бозой» КС салу жұмыстары жалғасуда.

«БГА-ТБА» МГҚ өткізу қабілетін арттыру және «Қазақстан-Қытай» МГҚ-на газ беру үшін ТІР-02 мойнағында ЖКС салу

2015 жылғы 18 мамырда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Инвестициялық комитеті «БГА-ТБА» МГҚ өткізу қабілетін арттыру және «Қазақстан-Қытай» МГҚ-ға газ беру үшін ТІР-02 мойнағында ЖКС салу» жобасын іске асыруды мақұлдау туралы шешім қабылдады.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2016-2017 жж.

Жобаны іске асыру мақсатында 2015 ж. мыналар орындалды:

› «ТІР-02 Ақыртөбе» ЖКС салуға 30.05.2015 ж. шарт жасалды

› «БГА-ТБА» МГҚ-да жөндеу жұмыстарын жүргізуге 16.10.2015 ж. шарт жасалды;

› ГАА фундаментін, компрессорлық цехтарды, өндірістік тапсырмаларды монтаждау жұмыстары аяқталды;

› «Мемсараптама» РМК-ға кейін беру үшін ЖСМ қарау және келісу рәсімдері аяқталуда. Жобаны 2016 жылдың 3-тоқсанында пайдалануға енгізу жоспарланған.

ҚР ӨҢІРЛЕРІН ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

«ҚазТрансГаз» АҚ ҚР өңірлерін газдандыру жұмыстарын жалғастыруда. Қазіргі уақытта мынадай құжаттар іске асырылу кезеңінде:

«Оңтүстік Қазақстан облысының газ тарату жүйесін жаңғырту (1-кезең. Шымкент қ.)»

«Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту

«Қызылорда облысының елді мекендерін газдандыру»

«Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту»

«Маңғыстау облысының елді мекендерінің газ тарату желілерін жаңғырту, қайта құру және жаңаларын салу»

«Оңтүстік Қазақстан облысының газ тарату жүйесін жаңғырту (1-кезең. Шымкент қ.)» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2010-2016 жж.

Оңтүстік Қазақстан облысы ҚТГА жүзеге асыратын ҚР-ның газбен жабдықтау жүйесін жаңғыртудың пилоттық бағдарламасының объектісі болды. 2009 жылы басталған газ тарату желілерін жаңғыртудың шеңберінде осы жерде газбен жабдықтаудың техникалық бағасы жаңартылуда және кеңейтілуде. Ескі болат газ құбырларын неғұрлым ұзақ пайдаланылатын және электрохимиялық қорғау құралдарына мұқтаж емес полиэтиленнен жасалған ұқсас құбырларға ауыстыру жүргізілуде, ол оларды жөндеуге жұмсалатын шығындарды азайтады.

Жобаны іске асыруға қатысты жоспарланған әсері – жоғары қысымды газ құбырларын көп рет айналуға байланысты жүйенің сенімділігін арттырумен қоса 85 мың м³/сағаттан 258 мың м³/сағатқа дейін өткізу қабілетін арттыру.

Жобаны іске асыру басталғаннан бастап 01.01.2016 ж. жағдай бойынша жобаның жалпы құнынан 89% игерілген және мынадай жұмыстар орындалған:

▶ жалпы ұзындығы 2158 км газ құбырын, оның ішінде жоғары қысымды газ құбыры – 204 км, орташа қысымды газ құбыры – 1055 км, төменгі газ құбыры – 849 км ауыстыру жүргізілді; 49,4 км авариялық газ құбыры ауыстырылды; 46 ГТП, 28301 ШП, 129 ГТПШ жөнделді, 45006 абоненттер қайта қосылды.

▶ 2015 жылы 173,2 км газ құбыры төселді, 8 ГТП, 2110 ШП, 74 ГТПШ орнатылды, 3264 абонент қайта қосылды.

▶ ҚР ТМРЖБҚҚД 2015 ж. 27 ақпандағы №79-ОД бұйрығымен 1000 м³ үшін (ҚҚС-сыз) 8 071 теңге мөлшерінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Оңтүстік Қазақстан өндірістік филиалының газ тарату жүйелері бойынша тауарлық газ тасымалдау жөніндегі реттеу қызметтеріне арналған тарифтің шекті деңгейі бекітілді, ол 1000 м³ үшін (ҚҚС-сыз) 5 185 теңге болатын өткен тарифпен салыстырғанда 56% өсімді құрады.

▶ 2015 ж. 22 мамырда 2015-2016 жж. арналған жұмыс көлемдерінің өзгеруіне және 2014 жылдың басында ұлттық валюта теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруіне байланысты «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды.

› ҚР ТМРЖБҚҚД 2016ж. 4 ақпанда «Шымкент қ. газ тарату желілерін қайта құру және жаңғырту» және 2015-2019 жж. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Оңтүстік Қазақстан өндірістік филиалының қолданыстағы активтерін қолдау инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

Санамаланған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес газ тарату желілерін жаңғырту жөнінде құрылыс-монтаж жұмыстарын жалғасытру жоспарланған.

«Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2019 жж.

Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту қаланың газ тарату желілерін қайта құру жөніндегі кешенді шараларды іске асыру, техникалық сенімділікті және оларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті арттыру, нормативтен тыс технологиялық ысырапты төмендету, газ құбырларының жобалық қуатын қалпына келтіру үшін және шағын қабатты секторда газбен жабдықтаудың екі сатылы жүйесіне өту үшін қажетті шара болып табылады, ол газды тұтыну көлемдерін есепке алуды және оған бақылау жасауды жақсартуға мүмкіндік береді.

Тараз қ. газ тарату жүйелерін жаңғыртудың нәтижесінде 49 мың м³/сағатқа 101,5 мың м³/сағатпен 150,5 мың м³/сағатқа дейін өткізу қабілетін арттыру, газ құбыры арқылы газ жылыстауынан газдың техникалық және технологиялық шығынын қысқарту, таяу 40-50 жылда 70%-ға дейін күрделі жөндеуге жұмсалатын пайдалану шығындарын азайту, қаланың газ тарату жүйесі қызметінің мерзімдерін 50 жылға ұзарту (полиэтилен газ құбырлары қызметінің кепілді мерзімі), санкцияланбаған кірекусулер мен газ іріктеу мүмкіндігін жою.

Газ тарату желілерін жаңғыртуды негіздеу үшін қала 8 (сегіз) кешенге бөлінген, кешендер жаңғырту объектілеріне бөлінген. Объектілер кешендер ішінде құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізуге ыңғайлы және бар желіні жаңасына қайта қосу үшін қаланың газ тарату желісінен ажыратудың технологиялық схемасына бөлінген.

Жоба екі кезеңде іске асырылады:

- 1-ші кезек (2011-2016 жж. 5 іске қосу кешендері)

- 2-ші кезек (2017-2019 жж. 3 іске қосу кешендері)

01.01.2016 ж. жағдай бойынша жоба бекітілген кестеге сәйкес іске асырылады. Іске асырылу кестесінде өзгерістер байқалмайды. Есепті күнге жобаның бірінші кезегінің 1-4 іске қосу кешенінің барлық объектілері пайдалануға енгізілген.

Жобаны іске асырудан бастап 01.01.2016 ж. жағдай бойынша жобаның жалпы құнынан 62% игерілген және 632,5 км газ құбыры салынған, 14106 ШП, 27 ГТПШ, 1 ПГБ орнатылған.

2015 ж. қорытындысы бойынша Жобаның бірінші кезегінің 4 іске қосу кешені бойынша 261,97 км болатын газ құбырын төсеу жүргізілді, 6 888 шкафтық пункт, 27 газды реттеу шкафтық пункті, 1 газоблок пункті орнатылды, 5 іске қосу кешеніне ЖСҚ әзірленді, оған мемлекеттік сараптаманың 27.11.2015 ж. №08-0359/15 қорытындысы алынды.

ҚР ТМРЖБҚҚД 2015 ж. 23 қарашадағы №445-ОД бұйрығымен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Жамбыл өндірістік филиалының тарату құбыр жолдары бойынша тауарлық газ тасымалдау жөнінде реттеу қызметтеріне тарифтің шекті деңгейі бекітілген.

2016 жылы жобаны іске асыру кестесіне сәйкес газ тарату жүйелерін жаңғырту жөніндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарын жалғастыру, абоненттерді қайта қосу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жоспарланып отыр.

«Қызылорда облысының елді мекендерін газдандыру» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2014-2016 жж.

Жобаның шеңберінде 5 елді мекенді газдандыру жоспарланып отыр, олар: Арал, Әйтеке би, Байқоңыр, Жаңақорған және Шиелі. Сонымен қатар, жоба жақын жатқан кенттерді газдандыру үшін инфрақұрылым құрады және газдандырылатын қалалар тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырады. Тұтас алғанда, Қызылорда облысын газдандыру өңірдің орнықты экономикалық өсуі үшін сенімді энергетикалық база құруға мүмкіндік береді.

ҚР ТМРЖБҚК-нің 31.12.2014 ж. № 178-ОД, ҚР Энергетика министрлігінің 19.01.2015 ж. №23 және ҚР ҰЭМ ҚжТКШК-нің 26.01.2015 ж. № 14-НК бірлескен бұйрығымен «Қызылорда облысының елді мекендерін газдандыру «ҚТГ Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының 2015-2019 жылдарға арналған жаңа активтерін құру» инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

2015 ж. 17 шілдеде ҚР ТМРЖБҚК-нің бұйрығымен 01.09.2015ж. бастап қолданысқа енгізумен «ҚТГ Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газ тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке 2015-2019 жылдарға арналған тарифтердің шекті деңгейлері мен тарифтік смета бекітілді.

2015 ж. барлығы 1276,47 км газ құбыры төселді, оның ішінде: жоғары қысымды (бұрма) - 64,15 км, жоғары қысымды - 49,25 км, орташа қысымды - 115,68 км, төмен қысымды - 1047,39 км, АГТС-ке монтаждау жүргізілді - 5 дана, ГТП - 13 дана, ГТШП монтаждау - 174 дана, ГШЕП монтаждау – 2 шт.

«Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру және газ таратушы желілерін жаңғырту» жобасы»

Жобаны іске асыру мерзімі – 2015-2020 жж.

Жобаға 2015 ж. бастамашылық жасалды және кешенді ретінде қалыптастырылды, онда барлық құрамдас бөліктер – Ақтөбе облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту, ресрустық базаны бағалау, газ тасымалдау жүйесін дамыту, өңірдің газдандыру объектілерінің техникалық және инвестициялық параметрлері.

2015 ж. 5 ақпанда Ақтөбе облысының әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ арасындағы Ақтөбе облысының газдандыру объектілерін салу жобаларын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Жобаның шеңберінде облыстың агломерациясы мен аудан орталықтарының құрамына кіретін 9 елді мекенді газдандыру, сондай-ақ жалпы қуаты 360 мың текше м/сағ. 3 жаңа АГТС салу және қолданыстағы ескі газ құбырлары желілерін жаңғырту жоспарланып отыр.

Ақтөбе облысында газдандыруды іске асырудың экономикалық нәтижесі табиғи газ тұтынушылардың санын 5,4 мың абонентке ұлғайту, Ақтөбе облысы елді мекендерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өсіп отырған қажеттіліктерін үздіксіз газбен жабдықтау, облыс аумағын газдандыруды жалғастыру мүмкіндігінен көрінен қосымша мультипликативтік әсер, халықтың өмір сүру жайлылығын арттыру, еңбек және өмір сүру жағдайларын жақсарту болады.

ҚР Энергетика министрлігінің 04.03.2015 ж. №173, ҚР ТМРЖБҚК-нің 17.02.2015 ж. № 63-ОД және ҚР ҰЭМ ҚжТКШК-нің 13.03.2015 ж. № 96-НК бірлескен бұйрығымен

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалының желілерін газдандыру, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңарту және жаңа активтерін құру» 2015-2020 жж. арналған инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

«Маңғыстау облысы елді мекендерінің газ таратушы желілерін жаңғырту, реконструкциялау және жаңаларын салу» жобасы

Іске асыру мерзімі – 2015-2017 жж.

Инвестициялық жоғаға 2015 жылы бастамашылық жасалды және қызметтер сапасының сенімділігін жақсарту мен арттыру, газ желілерінің жеткіліксіз өнімділігі мен қанағаттанғысыз техникалық жай-күйіне байланысты тұтынушылар үшін газдың жеткіліксіздігін жою мақсатында Маңғыстау облысының газ желілерін жаңғырту мен реконструкциялауға, сондай-ақ салуға бағытталған.

2015 жылғы 5 ақпанда Маңғыстау облысының әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ арасындағы Ақтөбе облсының газдандыру объектілерін салу жобаларын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Жобаның шеңберінде жаңа газ желілерін, жоғары, орташа және төмен қысымды газ құбырларын, Жаңаөзен қаласында үш АГТС орната отырып, қосқыш газ құбырларын, Окарем-Бейнеу МГҚ-дан Шетпе ауылына дейін АГТС сала отырып, бұрғыш газ құбырын, жоғары және орташа қысымды кентаралық, қосқыш жерасты газ құбырларын, сондай-ақ төмен қысымды кентішілік газ құбырларын салу.

ҚР Энергетика министрлігінің 16.06.2015 ж. №404, ҚР ТМРЖБҚК-нің 17.04.2015 ж. №161-ОД және ҚР ҰЭМ ҚЖТКШК-нің 21.05.2015 ж. №211-НК бірлескен бұйрығымен «Маңғыстау облысы елді мекендерінің газ таратушы желілерін жаңғырту, реконструкциялау және жаңаларын салу және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалының қолданыстағы активтерін қолдау» желілерін газдандыру, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңарту және жаңа активтерін құру» 2015-2020 жж. арналған инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

2015 жылғы 21 тамызда ҚР ТМРЖБҚК-нің №348-ОД бұйрығымен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалының газ таратушы жүйелері арқылы тауарлық газ тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифінің шекті деңгейі – 1000 м³ (ҚҚС-сыз) үшін 2 455, 36 теңге мөлшерінде бекітілді, бұл 1000 м³ (ҚҚС-сыз) үшін алдыңғы 1284,12 теңге тарифпен салыстырғанда 1,9 есеге өсімді құрады.

ГАЗБЕН ЖАСАЛАТЫН САУДА ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

«Шымкент қ., Ақтөбе қ., Қызылорда қ. 3 АГТКС салу»

Іске асыру мерзімі – 2015-2016 жж.

ҚР автокөлікті КТГ пайдалануға көшіру жөніндегі ұлттық бағдарламасын орындау және газмотор нарығын дамыту мақсатында 2014-2015 жж. көрсетілген қалалардың әкімдіктерімен және автобус парктерімен бірқатар меморандумдарға қол қойылды.

Инновациялар

«ҚазТрансГаз» АҚ инновациялық даму жобаларын іске асыру шеңберінде Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесі (бұдан әрі – ҒТК) қалыптастырылып, жұмыс істейді. ҒТК бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету, Компаниялар тобы бойынша қызметті ғылыми-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында құрылды.

ҒТК-ның отырыстары ай сайын айдың 3-ші онкүндігінде өткізіледі.

ҒТК-ның негізгі міндеті инновациялық, ғылыми-техникалық сипаттағы ұсыныстарды, ҚТГ құрылымдық бөлімшелерін өндірістік-техникалық дамыту бағдарламаларын қарау, сондай-ақ маңызды техникалық-экономикалық мәні бар әзірлемелер жөніндегі есептерді, оларды одан әрі қолдану жөніндегі ұсыныстарды қарау болып табылады.

2015 жылы ҚТГ ҒТК-ның 14 отырысы ұйымдастырылды.

21 мәселе, оның ішінде инновациялық құрауышы бар негізгі мәселелер қаралып, мақұлданды:

I Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттары метанын геологиялық барлау жөніндегі жобаны іске асыру

Атқарылуы: Бүгінгі таңда 7 ұңғыма бұрғыланды, оның ішінде 3 – кернді іріктеу үшін геологиялық және 4 тәжірибелік-пайдалану. Қазіргі уақытта керн АҚШ, Польша және Қытай зертханаларында. Келесі кезең көлденең ұңғыманы жобалау мен бұрғылау, КҚМ қорларын есептеу және мемлекеттік теңгерімге қорларды есепке қою, КҚМ өнеркәсіптік өндірудің ТЭН-ін әзірлеу болып табылады.

II «Инновациялық мұнай-газ технологиялары» ЖШҚ-ның Амангелді кен орындары тобының әлеуетін бағалау және өндіру көлемдерін ұлғайту жөніндегі ұсынысы

Атқарылуы: Орындалды.

III «GSB Group» ЖШҚ компаниясының Амангелді кен орнында ұңғыманың кенжарын тазарту үшін колтубинг технологиясын (ұңғыманы өшірмей екі сатылы қоспамен үрлеу) қолдану туралы ұсыныстары.

Атқарылуы: Амангелді кен орнында колтубинг технологиясын қолданумен ұңғыма кенжарын тазарту орындалды.

IV «Clinal» ЖШС Амангелді кен орындары тобы ұңғымасының бағанаралық қысымын тазарту жөніндегі ұсыныстары.

Атқарылуы: Амангелді кен орнының 3 ұңғымасын зерттеу және бағанаралық қысымын жою жөніндегі сынау-көрсету жұмыстары жүргізілді. №122, №6Г, №114 ұңғымаларда диагностика орындалды.

V «Бозой» ЖАҒҚ-ны жобалық қуатқа шығару жөніндегі іс-шаралар (4,0 млрд текше м). 1- кезең – 2016 ж., 2-кезең - 2017-2018 жж.

Атқарылуы: 36 ұңғыманы жөндеу үшін техникалық ерекшелік әзірленді. Тендерге қатысуға арналған құжаттар дайындалды.

«ҚазТрансГаз» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелер



08.01.2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның шешімімен (№1 хаттама) жасалуына мүдделі мәміле – «ҚазТрансГаз» АҚ мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында жалпы сомасы 5 427 429 285 теңгеге Қазақстан Республикасы Қостанай облысының аумағындағы мүлікті сенімгерлік басқару шарты жасалды;



05.02.2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының шешімімен (№5 хаттама) жасалуына мүдделі мәміле – «ҚазТрансГаз» АҚ мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында жалпы сомасы 5 393 318 009 теңгеге Қазақстан Республикасы Қостанай облысының аумағындағы мүлікті сенімгерлік басқару шарты жасалды;



05.02.2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының шешімімен (№5 хаттама) жасалуына мүдделі мәміле – «ҚазТрансГаз» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында 25 321 800 000 теңгеге Қаржылық көмек көрсету туралы шарт жасалды;



13.05.2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының шешімімен (№11 хаттама) «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбырын салу» жобасын іске асыру шеңберінде үшінші тұлғалармен есептесу үшін 25 321 800 000 теңге сомасына Қаржылық көмек туралы шартқа қол қою жолымен «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС жасалуына мүдделі мәміле жасалды;



18.06.2015 жылы «ҚазМұнайГаз» АҚ Басқармасының шешімімен (№35 хаттаманың 8-тармағы) жасалуына мүдделі мәміле – «ҚазТрансГаз» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «ҚазРосГаз» ЖШС-ға 50% қатысу үлесін сенімгерлік басқару шарты жасалды;



31.07.2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№20 хаттаманың 6-тармағы) жасалуына мүдделі мәміле – «ҚазРосГаз» ЖШС мен «ҚазТрансГаз» АҚ арасында 2 775 000 000 сомасына Өтеусіз қаржылық көмек шарты жасалды;



01.10.2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының шешімімен (№42 хаттама) жасалуына мүдделі мәміле – «ҚазТрансГаз» АҚ мен «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ арасында кедендік төлемдер, салықтар мен өсімақылар жөніндегі берешекті өтеу үшін 3 063 852 934 теңге мөлшерінде Уақытша қаржылық көмек көрсету туралы шарт жасалды.

Активтердің құрылымы

«ҚазТрансГаз» АҚ

- 100% «Интергаз Орталық Азия» АҚ
- 100% «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ
- 100% «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ
- 100% «Амангелді газ» ЖШС
- 50% «Бейнеу – Шымкент» ЖШС
- 50% «Азиялық газ құбыры» ЖШС
 - 100% «Азиялық Газ құбыры - Хоргос» ЖШС
- 50% «ҚазРосГаз» ЖШС
- 100% «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС
 - 50% «Авто Газ Алматы» ЖШС
- 100% «ҚазТрансГаз-Бішкек» ЖШҚ
- 100% «ҚМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС
- 100% «ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ
- 100% «Астана Газ» АҚ
- 100% Intergas Finance B.V.
- 60% «Сарыарқа Газ Даму» ЖШС
- 5,5% «Самұрық - Қазына» КУ» ЖМ

Тәуекелдерді басқару

Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының және тәуелді қоғамдарының қызметі тәуекелдердің ықпалына ұшырағыш. Қоғам Қоғамның және оның еншілес ұйымдары және тәуелді қоғамдар қызметі тәуекелдердің әсеріне ұшырағыш. Қоғам мерзімді бірдейлендіруге бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің маңызды құрамдастарының бірі ретінде және Топтың беделіне мен құнына әсер ете алатын тәуекелдердің деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау ретінде тәуекелдерді басқару маңыздылығын ұғынады.

Қоғамның тәуекелдерін басқару мақсаты бизнестің стратегиялық және жедел орнықтылығында зерделі сенімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының тәуекелдерін басқарудың 2015 жылғы бағдарламасы

«ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі – ҚТГ) Директорлар кеңесінің 30.09.2015 ж. №27 шешімінің 1-тармағымен ҚТГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының 2015 жылғы Тәуекелдерін басқару бағдарламасы бекітілді.

ҚТГ мен оның ЕТҰ-ларының тәуекелдерін басқару жөніндегі бағдарлама «ҚазТрансГаз» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу, тәуекелдер жөніндегі жауапкершілікті бекіту үшін қалыптастырылды.

ҚТГ АҚ-да 63 өзіне тән тәуекел сәйкестендірілді, оларға ҚТГ мен оның ЕТҰ-ларының Тәуекелдер жіктеуішіне сәйкес тәуекелдер кодтары берілген, тәуекелдердің иелері анықталған және тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленген.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша 20 түйінді тәуекел сәйкестендірілді және «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Түйінді тәуекелдер картасында көрініс тапқан.

ҚТГ-ның меншікті тұтқыр қабілеті немесе жиынтығында оның қызметіне айтарлықтай әсер етпейтін тәуекелдер басталған кезде өз міндеттемелері бойынша 2 341 млн теңге мөлшерінде жауап беруге қабілетті.

2015 жылғы 20 қазан – 13 қараша кезеңінде ҚТГ мен оның ЕТҰ-ларының барлық құрылымдық бөлімшелерінің негізгі қызметкерлерінен тәуекелдерді басқару мәселесі бойынша сұхбат алу жүргізілді:

1) ҚТГ компаниялар тобының мақсаттарға жетуіне ықпал етуі мүмкін тәуекелдер сәйкестендірілді;

2) тәуекел іске асырылған жағдайда залалдың ықтимал мөлшері айқындалды.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жүйеге келтіру және біріздендіру мақсатында Қоғам ҚТГ тобының тәуекелдерінің тізілімін әзірледі және тәуекелдер картасына түйінді тәуекелдер енгізілді:

Ықтималдық	Зиян мөлшері				
	ШАҒЫН ЗИЯН	АЙҚЫН ЗИЯН	ОРТАША ЗИЯН	ҮЛКЕН ЗИЯН	ӨТЕ ҮЛКЕН ЗИЯН
ӨТЕ ЖОҒАРЫ					
ЖОҒАРЫ			3.9.6a	3.5.9.; 3.3.1d	
ОРТАША	1.2.1.	2.2.3.; 3.3.1.; 4.1.2a		3.3.1a; 2.4.2	1.2.3.; 2.3.2b; 3.3.1c
ТӨМЕН	4.1.2c			3.3.1b	2.3.2.; 2.3.2a; 3.9.6
ӨТЕ ТӨМЕН	4.1.2.; 4.2.5	4.1.2b			

Зиян мөлшері

Тәуекел коды

Тәуекел атауы

■ 3.3.1c	Газ тасымалдау көлемдерінің азаю тәуекелі
■ 3.9.6a	Газды ішкі тасымалдау мен сақтау жөніндегі тарифтерді бекіту кезіндегі тәуекел
■ 3.3.1a	«ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ-ға берілген қаржылық көмектің қайтарылмау тәуекелі
■ 2.4.2	Салықтар туралы мәліметтердің тиісінше немесе уақтылы ұсынылмауы
■ 2.3.2	Кепілдік міндеттемелер бойынша дефолт/кросс дефолт тәуекелі
■ 2.3.2a	Кредиттік міндеттемелер бойынша дефолт/кросс дефолт тәуекелі
■ 3.9.6	Көтерме саудада өткізудің шекті бағаларының бекітілмеу тәуекелі
■ 3.3.1b	Қазақстан Республикасының Оңтүстігіне айырбас операциялары шеңберінде импорттық газдың жеткізілмеуі (КҚМ кезеңіндегі газ тапшылығы)
■ 2.2.3	КСал инвестициялық жоспарының орындалмау тәуекелі
■ 3.3.1	«ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ салынған инвестициялардың жоғалуы
■ 4.1.2a	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ салу мерзімін жылжыту
■ 1.2.1.	Газ өндіру кезіндегі техногенді немесе өндірістік авария
■ 4.1.2c	«3 АГТКС салу» инвестициялық жобасының мерзімін жылжыту
■ 4.1.2b	«Қазақстан-Қытай» МГҚ-ның «С» желісін салу мерзімін жылжыту
■ 4.1.2	«Қарғанды көмір бассейнінің көмір қабаттары метанын өндіру» инвестициялық жобасының мерзімін жылжыту
■ 4.2.5.	Жаңа кен орындарын, бос газ құрылымдары мен кендерін тиімсіз іздеу тәуекелі
■ 3.5.9	АҚШ долларына шаққанда теңгенің ауытқуы
■ 3.3.1d	Түйінді әріптеске тәуелділікке байланысты белгісіздіктер (Газпром ЖАҚ)
■ 1.2.3	Газ тасымалдау жүйесінің табиғи тозуынан болатын авариялар
■ 2.3.2b	Кассалық алшақтық тәуекелі

Қоғамның тәуекел-мәдениетін жетілдіру

1. Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жұмысы күшейтілді, ҚТГ-ның және оның ЕТҰ-ларының мақсаттарына қол жеткізуге келеңсіз әсер етуі мүмкін барлық елеулі оқиғалар Тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстарында алқалы түрде қаралады.

2. ҚТГ мен оның ЕТҰ-ларының резервтерін құру жөніндегі процесті практикаға енгізуді регламенттейтін шарттық міндеттемелер жөніндегі қағидалар бекітілді.

3. ҚТГ компаниялар тобының тәуекелдерін сақтандырушылық қорғауды ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізілді. Тәуекелдерді сақтандыру жөніндегі оқытушы тренинг ұйымдастырылды.

4. Өндірістік, операциялық және қаржылық процестерге жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалу мониторингі жүзеге асырылды, атқарылуы – 100%.

5. Қаржылық тәуекелдер жөніндегі есептілік пакеті қалыптастырылды – мыналар:

- елдік тәуекелдер жөніндегі лимиттерді сақтау;
- контрагент банктерге берілетін міндеттемелер жөніндегі лимиттер;
- валюталық тәуекелдер;
- валюталар бөлінісіндегі пайыздық айырмалар бойынша тоқсан сайынғы мониторинг жүргізілуде.

6. ҚТГ мен оның ЕТҰ-лардың тәуекелдерін басқару корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат бекітілді (ҚТГ ДК-нің 28.06.2015 ж. №10 шешімі).

7. ҚТГ-ның тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ереже бекітілді (Басқарманың 15.10.2015 ж. № 43 шешімі).

8. 2015 ж. 16 қыркүйек – 17 қазан аралығында ҚТГ тобының өндірістік объектілерін тексеру қорытындылары бойынша ҚТГ компаниялар тобының мақсаттарына жетуге теріс әсер етуі мүмкін 130 тәуекел анықталды. Қатысу өңірлерінде тәуекелдерді басқару жүйесі туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

«ҚазТрансГаз» АҚ

«ҚазТрансГаз» АҚ-да 2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарының басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру және дамыту мақсатында мынадай стратегиялық мақсаттар айқындалып, бекітілді:

- › Магистральдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдау көлемін орындау;
- › Газ өткізу жөніндегі жоспарлы көлемді орындау;
- › Тартылған капиталдың рентабельділігін ұстап тұру;
- › Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұсынылатын есептердің ашықтығын қамтамасыз ету;
- › Инвестициялық жобаларды іске асыру;
- › «ҚазТрансГаз» АҚ-ның қолда бар барлық міндеттемелерінің ковенанттары бойынша сәйкестікті сақтау.

«ҚазТрансГаз» АҚ мен оның ЕТҰ-ларының қызметін менеджмент жүйелерін енгізу және жақсарту бөлігінде үйлестіруді интеграцияланған менеджмент жүйесін басқару жөніндегі қызмет жүргізеді.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) қолдану саласы Қазақстан Республикасында газды барлау, өндіру, тасымалдау, тарату және өткізу кезінде активтерді корпоративтік басқару болып табылады.

2015 жылғы қыркүйекте «ҚазТрансГаз» АҚ-дағы СМЖ-ның ISO 9001 халықаралық талаптарына сәйкестігіне екінші байқаушы/инспекциялық аудиті сәтті өткізілді. «ҚазТрансГаз» АҚ-дағы СМЖ-ның байқаушы/инспекциялық аудитін «Русский Регистр Евра-

зия» ЖШС-ның сертификаттау жөніндегі халықаралық органының аудиторлары өткізді.

2015 жылы интеграцияланған менеджмент жүйесін жетілдіру мен жақсарту жөніндегі жұмыстардың тиімділігі үшін ИМЖ үшін жауапты персоналды оқыту ұйымдастырылған болатын.

Ішкі өкімге сәйкес еншілес және тәуелді ұйымдарда (ЕТҰ) ИМЖ ішкі аудиттері өткізілген болатын.

Ішкі аудиттердің нәтижелілігін және объективтілігін ұлғайту мақсатында 2015 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның ЕТҰ-ларының білікті аудиторлары құрамынан ИМЖ ішкі аудиторларының корпоративтік топ ұйымдастырылған болатын.

«Газ және газбен жабдықтау саласындағы 100 қадам» атты стратегиялық жоспарды іске асыру шеңберінде соңғы жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша бірыңғай сертификаттау жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жоспарланған. Тұжырымдаманың мақсаты – «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның ЕТҰ-ларында менеджмент жүйелерін қолдау мен дамытудың жаңа деңгейіне шығу.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-да ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 және ISO 50001 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкес келетін интеграцияланған менеджмент жүйесі әрекет етеді.

2015 жылы қолданыстағы менеджмент жүйелері шеңберінде оқыту жөніндегі жұмыс жүргізілді. Қолданыстағы ИМЖ жүйесіне энергетикалық менеджмент жүйесін ҚР СТ ISO 50001:2012 сәйкестігіне интеграциялау жүргізілді.

Іскерлік жетілдіру моделі (EFQM) жөніндегі құжаттама әзірленді.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-да ҚР СТ ИСМ ИСО 9001-2009, ҚР СТ 50001:2012 ұлттық стандарттарының және ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сертификатталған интеграцияланған менеджмент жүйесі бар.

2015 жылы EFQM 2013 Іскерлік жетілдіру моделі бойынша Компанияның қызметін «Танылған жетілгендік» деңгейіне, 4 жұлдыз сәйкестігіне сыртқы бағалау (ассесмент) жүргізілді. Компания қорытындылары бойынша «Танылған жетілгендік», 4 жұлдыз сертификатының иегері болды.

2015 жылы еншілес ұйым «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-да ИСО 9001 ұлттық стандартының және ИСО 9001, ҚР СТ 50001:2012 және ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растауға арналған ИМЖ қайта сертификаттау аудиті өткізілді. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның ИМЖ қайта сертификаттау аудиті Afnor Certification-мен бірлесіп, InterCert сертификаттау жөніндегі халықаралық органның аудиторлары жүргізді.

«Амангелді Газ» ЖШС

«Амангелді Газ» ЖШС-да ҚР СТ ИСО 9001-2009, ҚР ТС ИСО 14001-2006 ұлттық стандарттарына және OHSAS 18001:2008 техникалық ерекшелікке сәйкестігіне интеграцияланған менеджмент жүйесі әрекет етеді.

2015 жылы «Амангелді Газ» ЖШС-да ҚазСерт сертификаттау жөніндегі ұлттық органның аудиторлары өткізген ҚР СТ ИСО 9001-2009, ҚР ТС ИСО 14001-2006 және OHSAS 18001:2008 стандарттарының талаптарына сәйкестігіне бақылау аудиті өткізілді.

Бұдан басқа, 2015 жылы «Амангелді Газ» ЖШС ИМЖ саласындағы қызметкерлер үшін оқыту ұйымдастырды.

«Азиялық Газ құбыры» ЖШС

«Азиялық Газ құбыры» ЖШС-да ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкестігіне расталған интеграцияланған менеджмент жүйесі әрекет етеді.

2015 жылы «Азиялық Газ құбыры» ЖШС-да Quality Austria Trainings, Certification and Evaluation Ltd сертификаттау жөніндегі халықаралық органының аудиторлары өткізген сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001:2008, қоршаған орта менеджменті жүйесінің ISO 14001:2004, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің OHSAS 18001:2007 стандарттары талаптарына сәйкестігіне ИМЖ инспекциялық аудиті өткізілді.

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-да ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкестігіне расталған интеграцияланған менеджмент жүйесі әрекет етеді.

2015 жылы «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-да TÜV Thüringen e.V сертификаттау жөніндегі халықаралық органының аудиторлары өткізген сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001:2008, қоршаған орта менеджменті жүйесінің ISO 14001:2004, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің OHSAS 18001:2007 стандарттары талаптарына сәйкестігіне ИМЖ инспекциялық аудиті өткізілді.

«ҚазРосГаз» ЖШС

«ҚазРосГаз» ЖШС-да ISO 9001:2008 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігіне расталған интеграцияланған менеджмент жүйесі әрекет етеді.

2015 жылы «ҚазРосГаз» ЖШС-да BUREAU VERITAS KAZAKHSTAN сертификаттау жөніндегі органының аудиторлары өткізген екінші байқаушы аудит сәтті өткізілді.

Бүгінгі таңда «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының басқару жүйесі халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес интеграцияланған, жүйе тұрақты және серпінді дамуда, қызмет тұтас алғанда компанияны басқару жүйесін одан әрі жақсарту мақсатында басқарудың барлық сатыларын: жоспарлауды, орындауды, бақылауды сипаттайтын белгіленген бизнес-процестерге сәйкес жүзеге асырылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша ИМЖ саласындағы қызмет

«ҚазТрансГаз» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары		«Интергаз Орталық Азия» АҚ	«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	«Амангелді Газ» ЖШС	«Азиялық Газ құбыры» ЖШС	«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	«ҚазРосГаз» ЖШС
С Т А Н Д А Р Т А Р	ИСО/ISO 9001	Сертификаттау жөніндегі орган/жылы					
	Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар	2012 ж.	2015 ж.	2012 ж.	2014 ж.	2014 ж.	2014 ж.
		Orion Registrar, Inc., USA	InterCert Afnor Certification	«ҚазСерт» ЖШС	QUALITY AUSTRIA	TÜV Thüringen e.V.	Bureau Veritas Kazakhstan
	ИСО/ISO 14001	Сертификаттау жөніндегі орган/жылы					
	Қоршаған ортаны қорғау менеджменті жүйесі	2012 ж.	2015 ж.	2012 ж.	2014 ж.	2014 ж.	-
		Orion Registrar, Inc., USA	InterCert Afnor Certification	«ҚазСерт» ЖШС	QUALITY AUSTRIA	TÜV Thüringen e.V.	-
	ИСО/OHSAS 18001	Сертификаттау жөніндегі орган/жылы					
	Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі	2012 ж.	2015 ж.	2012 ж.	2014 ж.	2014 ж.	-
		Orion Registrar, Inc., USA	InterCert Afnor Certification	«ҚазСерт» ЖШС	QUALITY AUSTRIA	TÜV Thüringen e.V.	-
	ИСО/ISO 50001	Сертификаттау жөніндегі орган/жылы					
	Энергетикалық менеджмент жүйесі	-	2014 ж.	-	-	-	-
		-	InterCert Afnor Certification	-	-	-	-

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жұмысын үйлестіру

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Еңбекті қорғауды басқару бірыңғай жүйесіне» (ЕҚББЖ) және ҚТГ еншілес және тәуелді ұйымдарының ЕҚББЖ сәйкес жүргізіледі.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған кешенді бағдарламасына және «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобында еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды басқару қағидасына сәйкес барлық ЕТҰ-да еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, физикалық, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі жоспарлар жасалып, белгіленген тәртіппен бекітілді, ұйымдастырушылық және практикалық шаралар кешені жүргізілді.

2015 ж. сәуір айында Талғар қаласында ҚТГ қызметкерлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Әлемдік сыныпты қауіпсіздік мәдениет қалыптастыру» тақырыбындағы жыл сайынғы кеңесіне қатысты. Осы кеңестің хаттамалық шешімдерімен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру жөніндегі бірқатар шаралар айқындалды.

Астана қаласында ҚТГ компаниялар тобындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізілді. ЕТҰ басшыларының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, экологиялық қауіпсіздік саласында жүргізілген жұмыс туралы есептері тыңдалды. Есептер оң қабылданды, бұл ретте хаттамалық шешімде жоғарыда көрсетілген жұмысты жақсарту үшін одан арғы міндеттер белгіленді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы өзара қарым-қатынастарды жетілдіру және ынтымақтастық мақсатында Қазақстан-қытай газ құбырларында - «Азиялық Газ құбыры» ЖШС-да (бұдан әрі – АГҚ) мен «Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбыры» ЖШС-да (бұдан әрі – БШГҚ) 2015 жылғы сәуірде қытайлық әріптестермен көрсетілген мәселелер бойынша Астана қаласында екіжақты кеңес өтті. Кеңестің хаттамасында ҚР заңнамасына сәйкес бұрын қабылданған хаттамалық шешімдер негізінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды. Осы хаттамалық шешімдерді іске асыру мақсатында бірлескен кәсіпорындарға ҚР заңнамасын сөзсіз сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмыстарды тиімді жүргізу, авариялық жағдайға уақтылы ден қою, жұмыстарды жарақатсыз, авариялар мен оқыс оқиғаларсыз жүргізу тапсырылды.

Бекітілген тексеру кестесіне сәйкес 2015 жылы «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның «Ақтөбе» МГҚБ-да, «Ақтау» МГҚБ-да, «Қостанай» МГҚБ-да, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның «Ақтөбе ӨФ», «Маңғыстау ӨФ», «Қостанай ӨФ», «Азиялық Газ құбыры» ЖШС-ның «Алматы» МГҚБ-да, «Бейнеу Шымкент газ құбыры» ЖШС мен «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ-да еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйіне тексеру жүргізілді, тексеру нәтижелері бойынша жұмыстарды жүргізу жөніндегі ұсынымдар шаралар қабылдау үшін ЕТҰ-ға жіберілді.

2015 жылы ҚТГ компаниялар тобы бойынша ішкі қабылдау шеңберінде барлығы бесінші және алтыншы деңгейдегі 20 тексеру өткізілді.

Еңбекті қорғау

ЕТҰ-ларды жоспарлы тексеру кезінде қызметкерлерді уәждемелеу жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларға, қауіпсіз қызметті насихаттауға және сәйкестендірілген тәуекелдерді ескере отырып, жұмыс персоналын оқыту бағдарламаларын түзетуге ерекше назар аударылды.

Еңбекті қорғау саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес мыналар: көп деңгейлі бақылау, оқыту және білімдерін тексеру, еңбек жағдайлары бойынша объектілерді аттестаттау, еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайларын жасау, арнайы киіммен қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, медициналық және ауысым алдындағы куәландырудан сақтандыру жөніндегі шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

2015 жылы өнідірске байланысты бес жазатайым оқиға болды.

2015 жылғы 17 сәуірде ҚТГ спартакиадасын өткізу кезеңінде АГҚ қызметкері жарақат алды. Поддубская О.Н. «Алматы» командасының құрамында «Батыс» командасымен волейболдан жарысқа қатыса бастаған. Сағат 12 шамасында, екінші кезең басында, «ауысудан» кейін Поддубская О.Н. «тордың астында» болатын. Қарсыластар допты лақтырған кезде Поддубская О.Н. секіріп қалған, осы сәтте сол аяғының сықыр еткенін сезіп, еденге құлап түскен. Медициналық мекемеде О.Н.Поддубскаяға ауыр жарақат, үлкен жіліншік сүйектің сыртқы жағы жабық түрде сынған деген диагноз қойылды.

2015 жылғы 5 мамырда ЖМШ аумағында тракторлық тіркемеден темір шыбықты түсіру кезінде жұмысшы басынан оң жақ маңдай бөлігінен жарақат алған. Атырау қаласының қалалық ауруханасында Ж.Е.Сисенғазиевке жеңіл дәрежеде миы шайқалған, оң жақ қасүсті сүйектің үстіңгі жағы ашық түрде батыңқы сынған деген диагноз қойылды.

2015 жылғы 23 маусымда құрамында АТС жүргізішісі Б.Байсаков пен АДС слесары Н.Омаров авариялық бригада өтінім бойынша «Газель» автомашинасымен қиылыстан өте отырып, «Патриот» УАЗ автомашинасының сол жағына қарай өрескел маневр жасау себебінен ЖКО-ға ұшырайды. Авариялық машина оң жағына қарай төңкерілген кезде тағы бір «БМВ» машинасына тиіп кетеді.

2015 жылғы 27 шілдеде автомашинаның «қайнап кеткен» радиаторының қақпағы ашылған кезде ыстық су мен буға «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Маңғыстау ӨФ-тің жүргізушісі күйікке шалынды.

2015 жылғы 25 қарашада газды бастапқы жіберу кезінде АОГВ-23,2 қазандығы жанған сәтте үй-жайда ауа қоспасымен газдың жарылуы орын алды, нәтижесінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Ақтөбе ӨФ-тің слесары Г.Ж.Ысқақова орташа ауырлық дәрежесімен жарақат алды.

Өрт қауіпсіздігі

Есепті кезеңде ҚТГ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған кешенді бағдарламасына сәйкес өрттен қорғау өңдеуі, өрт сөндіргіштерді жөндеу, куәландыру және қайта зарядтау, персоналды өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту және нұсауқаулық беру, автоматты өрт сөндіру және дабыл беру жүйелерін монтаждау, өртке қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, өртке қарсы сумен жабдықтауды монтаждау және жөндеу сияқты іс-шаралар өткізілді.

Объектілерді өрттен қорғауға арналған шарттар жасалды, өрт-тактикалық оқу-жаттығу-лар өткізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының объектілерінде есепті кезеңде өрт пен тұтануларға жол берілген жоқ.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік

Есепті кезеңде ҚТГ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған кешенді бағдарламасына сәйкес құбырларды диагностикалау, құбырлардың ақаулы учаскелерін ауыстыру, крандарды ауыстыру, құбырларды оқшау-

лауды ауыстыру, персоналды оқыту және білімдерін тексеру, өндірістік объектілерді декларациялау, өндірістік бақылау сияқты іс-шаралар өткізілді.

Магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері және газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талап бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағалық етуімен кеңеске қатысты.

Бұрқаққа қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, объектілерді өртке қарсы іс-әрекеттерден күзетуге арналған шарттар жасалды.

ҚТГ ЕТҰ «Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын, күштері мен құралдарын 2015 жылғы көктемгі кезеңдегі су тасқыны кезінде төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға дайындық» тақырыбындағы «Көктем - 2015» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларға, «Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын, күштері мен құралдарын қысқы кезеңдегі төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға дайындық» тақырыбындағы «Қыс-2015» республикалық командалық-штабтық оқуларына қатысты.

АГҚ-ның «Тараз» КГБ, «Құлан» КС базасында «Техногенді сипаттағы ТЖ туындауы және оларды жою» тақырыбындағы «Тараз-2015» командалық-штабтық оқулары өткізілді.

Есепті кезеңде «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының объектілерінде қолданыстағы магистральдық газ құбырында (2015 жылғы 2 ақпанда «Орынбор-Новопсков» МГҚ-ның 288,1 км) бір авария болды.

Тексеру актісіне сәйкес құбыр жасаудың технологиялық ақауларына, газ құбыры учаскесінің күштеп-деформацияланған жай-күйіне байланысты бірқатар факторлардың жиынтығы аварияға себеп болды.

Қоршаған ортаны қорғау

Парник газдары шығарындыларының көздерін жыл сайынғы түгендеу және парник газдарының паспорттарын мемлекеттік кадастрда одан әрі тіркеу үшін уәкілетті органға тапсыру жөніндегі жұмыс жалғастырылды. Сондай-ақ, ҚР Энергетика министрлігі өткізген ҚР «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде еуропалыққа жақындатылған ПГ шығарындылары жөніндегі жаңа стандарттарға көшудің қағидаттары мен жол картасын әзірлеу жөніндегі кеңестерге де қатысты.

ҚР ЭМ, «KazEnergy» АҚ-ның ұсынуы бойынша ҚТГ қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық және заңға тәуелді актілерін қарастырды, оның ішінде:

- ҚР Салық кодексінің жобасы;
- «ҚР экологиялық мәселелер жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы;
- Парник газдарының шығарындыларына квоталарды бөлу жөніндегі 2016-2020 жылдарға ұлттық жоспар;
- «Квоталарды бөлу субъектілері үшін парник газдарын түгендеу туралы есеп нысандарын бекіту туралы» ҚР Энергетика министрі бұйрығының жобасы;
- «Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры»;
- «Өнімдер үшін бенчмарктердің өзектілігін бөлуді сылтаурату» және «Квоталарды бөлу әдіснамасы» техникалық есебі;
- «Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспекторлардың актілері нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі бұйрығының жобасы.

«Carbon Limits AS» норвегиялық компаниясымен «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Шымкент» МГҚБ объектілерінде метанның шығып кетуінің негізгі орындарын айқындау және объектілерінде өндірістік емес шығындарды қысқарту жөніндегі орынды шешімдерді әзірлеу жөнінде бірлескен жұмыс жүргізілді.

Энергияны үнемдеу және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жаңа технологияларды енгізу

«ҚазТрансГаз» АҚ энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділік саясатын жүргізеді. ҚТГ компаниялар тобының энергия тиімділігін арттыру саласындағы газды тасымалдау, тарату және жерастында сақтау жөніндегі қызметті дамыту бағыттары бекітілген Энергия үнемдеу мен энергетикалық тиімділікті арттырудың 2015-2020 жж. арналған бағдарламада айқындалған.

Бағдарламаның іс-шараларын табысты іске асыру кезінде мыналарға қол жететін болады: өзіндік мұқтаждар мен технологиялық ысыраптарына (ӨМТЫ) газ тұтынуды 90,5 млн м³-дан астамға және электр энергиясын тұтынуды 17,8 млн кВт/сағ. астамға азайту, бұл 125 мың тонна шартты отынға (бұдан әрі – тонна шартты отын) дейін үнемдеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаға сәйкес энергия үнемдеуші негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

- Энергия үнемдеу саясатын мемлекеттік қолдау және энергия үнемдеуді басқаруды жетілдіру негізінде қызметтің барлық түрлерінде энергия үнемдеу әлеуетін барынша іске асыру;

- Инновациялық технологиялар мен жабдықтарды қолдану негізінде ҚТГ компаниялар тобының энергетикалық тиімділігін арттыру;

- Қоршаған ортаға техногенді ауыртпалықты азайтуды қамтамасыз ету.

Еншілес және тәуелді ұйымдарда корпоративтік мақсаттарды іске асыру үшін энергетикалық аудит жүргізіледі және Энергия үнемдеу мен энергетикалық тиімділікті арттыру бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленеді.

Жүргізілген энергоаудиттің нәтижелері бойынша «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да, «Амангелді Газ» ЖШС-да, «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ-да энергия үнемдеу мен энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі 2015-2019жж. арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Сондай-ақ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да ISO 50001 халықаралық стандартына сәйкес энергетикалық менеджмент жүйесі енгізілді.

ҚТГ ЕТҰ-ның ресурс-энергия үнемдеу корпоративтік бағдарламасын орындау шеңберінде отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну туралы және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мониторингі жүзеге асырылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну көлемі 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда (1804 мың т.ш.о.) 934,75 мың тонна шартты отынды (т.ш.о) құрап, 48%-ды төмендеді. Ортаазиялық газ транзиті көлемдерінің азаюына байланысты энергия ресурстарын тұтыну көлемдерінің азайғаны байқалып отырғанын атап өту қажет.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2015-2019 жж. энергия үнемдеу әлеуеті (энергоаудиттің бекітілген іс-шаралары бойынша) 67588,12 т.ш.о. құрайды. ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) үнемдеу 2015 жылы – 13149,8 т.ш.о. (4899 мың кВтс, 10833 мың текше м) құрады. Сондай-ақ, энергия ресурстарын 70% үнемдеу «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның үлесіне тиетінін атап өтеміз, яғни 2015 жылғы үнемдеу 9300 т.ш.о. (7436,2 мың м³, 4875 мың кВтс) құрады.

Энергия тиімділігін арттыру бағдарламасына сәйкес «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ компаниялар тобында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға ҚТГ-ның отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуы жөнінде есеп беруі ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1765 қаулысымен электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәні кернеу класы бойынша анықталады: 110 кВ - $\cos \phi \geq 0,89$, 6-10 кВ үшін - $\cos \phi \geq 0,92$, 0,4 кВ үшін $\geq 0,99$ (МЕМСТ 13109-97 сәйкес) болып белгіленді. Энергоаудит бағдарламасына сәйкес жүргізілген өлшеу нәтижелеріне сәйкес «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның, «Амангелді Газ» ЖШС-ның, «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ-ның электр желілерінде қуат коэффициентінің нормативтік мәндері МЕМСТ талаптарына сәйкес келеді.

Энергия үнемдеу саласындағы міндеттерді іске асыру шеңберінде және электр энергиясын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында ЕТҰ-ның әкімшілік ғимараттарында қыздыру шамдарымен жарық беру толығымен энергия үнемдеуші шамдармен алмастырылды. Өндірістік ғимараттарда энергия үнемдейтін шамдарға алмастыру энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның «Инженерлік-техникалық орталық» бойынша өнер-кәсіптік алаңның аумағында сыртқы периметрді сырттай жарықтандыру үшін күн батареяларын орнату жөніндегі шешім қымбатшылыққа орай іске асырылмады, өнеркәсіптік алаңды жарық-диодты жарықтандыру энергия жүйесінен қоректендірілетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 904 қаулысымен бекітілген «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасына сәйкес 2015 жылы «Интергаз орталық Азия» АҚ-ның Мақат желілік-өндірістік басқармасындағы энергия ресурстарын есепке алу кешенді автоматты жүйесі» (бұдан әрі – ЭЕКАЖ) жобасы іске асырылды, мердігері «VerBulak» ЖШС (04.09.2014ж. № 220-01-14R шарт). Қазіргі уақытта ЭЕКАЖ іске қосу-реттеу жұмыстары жүргізіледі.

«Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырында отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) ұтымсыз жұмсалуды болдырмауға мүмкіндік беретін тұйық циклді бутурбогенера-торлар (CCVT- Closed cycle vapor turbogenerator түріндегі), термоэлектр-генераторлар (ТЭГ) және фотоэлектрлік модульдер қолданылған. Ұқсас жобалық шешімдер «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырында көзделген.

ГТЖ электр-химиялық қорғау жүйесі үшін электр энергиясы көзі ретінде фотоэлектрлік модульдерін (ФЭМ) пайдалануға мақсатты түрде көшу үшін оны экономикалық тиімділігі мен әртүрлі климаттық жағдайда газ тасымалдау объектілерінде пайдалану орындылығын бағалау қажет.

Эксперименталлық мақсатта, еншілес ұйым «Амангелді Газ» ЖШС 2016-2017 жылдары саны 3 бірлік типі PV 230 M60 фотоэлектрлік модульдерді (1кВт-2 бірл.; 3,2кВт-1 бірл.), тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ нәтижелері бойынша одан әрі өндіріске енгізу орындылығы айқындалатын болады.

Әлеуметтік жауапкершілік

Кадрлық саясат

Қоғам бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, әлеуметтік прогреске және қоғамның әл-ауқатының өсуіне жәрдемдесуге, өңірлер халқының тұрақты дамуына және салауаттылығына, өз қызметкерлерінің әл-ауқат деңгейін арттыруға күш-жігер салады. Қоғам саясатының негізі – әрбір қызметкердің қамы, әлеуметтік мәселелерді шешу басымдығы.

Бүгінгі өзгерістер тұрғысынан ұйымның сыртқы орта жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз ететін инновацияларды уақтылы енгізу қажеттілігі бар. Бұл ретте кадрлық саясаттың қызметкерлердің негізгі мүдделерін қозғайтын (мысалы, жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу саясаты), алдын ала біліп отыруға және тұрақты болуға тиіс бөлігінен басқа, кадрлық саясат үнемі өзгеріп отыратын сыртқы ортаның жаңа талаптарына жауап ретінде іске асырылуына қарай пысықталып отырады.

Кадрлық саясат персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, осылайша, бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және ҚТГ-ның персоналды басқару саласындағы құндылықтарының корпоративтік жүйесін әзірлеуге мүмкіндік жасаумен кадрлық менеджменттің бар тәсілдерін, жолға қойылған әдістері мен құралдарын біріктіруге шақырады.

Әзірленетін Кадрлық саясаттың негізіне мынадай базалық қағидаттар алынған:

Ашықтық – адам ресурстарын басқару процесінің барлық кезеңіндегі ашықтық;

Кешенділік – персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;

Жүйелілік – саясаттың өзара байланыстағы барлық құраушы элементтерін қарау;

Негізділік – персоналды басқару саласында ең жоғары экономикалық және әлеуметтік нәтижені қамтамасыз ете алатын қазіргі заманғы ғылыми әзірлемелерді пайдалану;

Тиімділік – персоналды басқару саласындағы іс-шаралар шығындары өндірістік қызмет нәтижелерімен өтелуі тиіс.

Компаниялар тобының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау

Қоғамның компаниялар тобы ұжымдарда салауатты жұмыс микроауалын құруға бағытталған әлеуметтік сипаттағы төлемдердің өсуіне үлкен назар аударады, бұл қызметкерлердің өздерінің негізгі функцияларын сәтті орындауына мүмкіндік береді. Қоғам қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету саласындағы бірыңғай корпоративтік саясатты айқындайды және салмақты үлесін материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылар, әлеуметтік кепілдіктер құрайтын әлеуметтік сипаттағы төлемдерге үлкен назар аударады.

ҚТГ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен «ҚазТрансГаз» АҚ-ның қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) жаңа редакцияда бекітілді.

Әлеуметтік қолдаудың екі жаңа кепілдендірілген түрі енгізілді:

1) жүктілігі мен бала туу бойынша әлеуметтік төлемдер ұсыну (мемлекет қамтамасыз ететіндерін шегере отырып);

2) еңбек қабілетінен жалпы айырылуына, мүгедектігі белгіленуіне байланысты басқа жұмысқа ауысу мүмкін емес болған жағдайда, еңбек шартын бұзу кезінде өтемақы ұсыну.

Сондай-ақ, Қағидаға Ұжымдық шартта көрсетілген, Қоғамда қолданылатын әлеуметтік төлемдердің түрлері қосылды:

1) Өндірістегі жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болған Қызметкердің отбасына төленетін біржолғы төлем (Қоғамның 2012-2016 жылдарға арналған ұжымдық шарттың 6-бөлімінің 6.13-т.);

2) Қазақстанның шегіндегі балаларға арналған сауықтыру лагерлерінде Қызметкерлердің жасы 7-ден 14 жасқа дейінгі балаларының демалысын ұйымдастыру (Қоғамның 2012-2016 жж. арналған ұжымдық шарттың 6-бөлімінің 6.10-т.).

«ҚазТрансГаз» АҚ өз қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды, материалдық көмекті, оның ішінде еңбек демалысы кезінде қызметкерлердің емделуі мен сауықтыруына арналған әлеуметтік қызметтер пакетін және көптеген басқаларды ұсынады. Ұжымдық шарттар мен Әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы негізінде 2015 жылы Қоғамның компаниялар тобының қызметкерлеріне материалдық көмектің мынадай негізгі түрлері төленді:

- демалысқа сауықтыруға берілетін материалдық көмек – 2 932 941 мың теңге;
- бала туылғанда – 133 362 мың теңге;
- тұрғын үйге байланысты өтемақы төлемдері (31 адам) - 699 486 мың теңге;
- өзге төлемдер (некеге тұруына байланысты, зейнеткерлікке шығу кезінде, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге көмек және т.б.) – 230 384 мың теңге.

Корпоративтік рухты нығайту, дене шынықтыру мен спортты насихаттау мақсатында, ҚТГ қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде 2015 жылғы 16-17 сәуірде Астана қаласында «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында Спартакиада өткізілді. Спартакиадада бірінші рет командалар Қоғам қатысатын бір өңірде орналасқан ЕТҰ қызметкерлерінен - «Астана», «Алматы», «Батыс», «Оңтүстік» командалары қалыптастырылды.

Балаларға арналған іс-шараларды өткізуге және қызметкерлердің 7-ден 14 жасқа дейінгі балаларына демалыс ұйымдастыруға 2015 жылы 71 072 мың теңге бөлініп, игерілді.

Қоғамның компаниялар тобы бойынша әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы (жұмыс берушінің әлеуметтік төлемдерін ескере отырып) 2015 жылы 3 983 187 мың теңгені құрады.

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің еңбек жағдайлары, өмір сүру сапасы

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің еңбек жағдайлары, өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін ҚТГ компаниялар тобының бюджеттерінде жыл сайын Қазақстанның ең үздік клиникаларындағы медициналық қызметтердің кең спектрін қамтитын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат көзделеді. Бұл ретте қызметкерге медициналық қызмет көрсету бағдарламасына медициналық қызметтердің бүкіл спектрін ұсынумен қатар дәл сол шарттарда оның отбасына (ері, зайыбы және балалары) қызмет көрсету көзделген. Бұдан басқа, сақтандыру компаниясы ұсынатын қызметтердің аясында физиологиялық жүктілік патронажы көзделген.

Мәселен, егер 2015 жылы Қоғамның компаниялар тобының қаражаты есебінен жалпы сомасы 541,1 млн теңгеге қызметкерлерді медициналық сақтандыру, оның ішінде 62,8 млн теңгеге «ҚазТрансГаз» АҚ-ның қызметкерлерін сақтандыру жүзеге асырылды.

Газ саласы қызметкерлерінің көпшілігінің жұмысы магистральдық газ құбырына байланысты және бір жағынан, қатаң климаттық жағдайлармен (ауыз судың жай-күйі, шаңды дауыл және т.б.), ал екінші жағынан, транзиттік газ құбырлары көбінесе елдің экологиялық жағынан қолайсыз өңірлері арқылы өтетіндігімен сипатталатыны белгілі.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР заңнамасына сәйкес Арал өңіріндегі тұрғындарға негізгі жалақыларына 20%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерде экологиялық коэффициент есептеледі, сондай-ақ саны 6-дан 12 күнге дейін қосымша демалыс беріледі.

Қызметкерлердің ауруларының алдын алу, сондай-ақ демалыс кезеңінде оларды емдеу мен оңалту жөнінде жұмыс жүргізіледі.

Қоғам әлеуметтік сипаттағы төлемдерді өсіруге көп көңіл бөледі, олардың қомақты үлесін әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер құрайды. Ең алдымен олар әлеуметтік әріптестік негізінде ұжымдардағы дұрыс жұмыс микроахуалын құруға бағытталған, бұл өздерінің негізгі функцияларын табысты орындауына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қоғамда қызметкерлердің кәсіптік одақтарының қоғамдық бірлестіктері жұмыс істейді, жұмыс шеңберінде олармен қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында ұжымдық шарттар жасалған, олар қызметкерлерге еңбек заңнамасында белгіленгеннен едәуір асып түсетін әлеуметтік кепілдіктерді, төлемдерді және өтемақылар мен жеңілдіктерді көздейді, мысалы:

- алғашқы некеге тұруға, бала туылуына байланысты, жақындарының қайтыс болуына байланысты жерлеуге және т.б. арналған төлемдер;

- жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты қосымшаақы төленетін демалыстар;

- қызметкерлердің санаторлық-курорттық емдеу құнының және компания қызметкерлерінің балаларына балаларға арналған сауықтыру лагерлеріне жолдамалар құнының 75 %-ына және одан астам бөлігіне ақы төлеу;

- және т.б. сияқты.

Компаниялар тобының қызметкерлерін даярлау, оқыту және біліктілігін арттыру

Персоналдың қозғалысы барынша болжанатын, жоспарланатын және компанияны дамытудың жалпы тұжырымдамасына сәйкес келетін болуға тиіс екенін назарға ала отырып, оның кадрлық әлеуетін күшейту үшін барлық мүдделі тараптар: студенттер, білім беретін ұйымдардың өкілдері және Қоғам үшін жалпы кешенді тәсіл қажет. Сондықтан пайда болатын бос орындарды жоспарлы түрде толтыру мақсатында, сондай-ақ қандай да бір бағыттағы лауазыммен қойылатын талаптарға жауап беретін жас мамандар тобын қалыптастыру үшін ЕТҰ-да Жас мамандарды даярлау қағидалары әзірленіп, бекітілді. Бұл ішкі құжат жас мамандарды даярлауға қажеттілікті айқындау, кандидаттарды жинау тәртібін, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шетелдің оқу орындарына оқуға жіберу тәртібін сипаттайды. Қазіргі уақытта штаттан тыс кадр әлеуетін дамыту жөніндегі комиссияның құрамы бекітілді, осы мәселе бойынша жоғары оқу орындарымен хат алысу жүргізілуде. Үздік техникалық жоғары оқу орындары базасында Қоғам-

ның компаниялар тобы ұйымы үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлау жоспарланып отыр.

Қоғамның қызметкерлері Астана қ. «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті» жеке мекемесі («ЕЦРП» ЖМ) базасында да, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шетелдегі басқа да оқу орталықтарының базасында да біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға, тағылымдамадан өтуге және тренингтерге қатысады.

Қоғамда персоналды дамытуға бағытталған «Даярлау және біліктілікті арттыру» сияқты бағдарламалар әрекет етеді, сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы әзірленген.

«Даярлау және біліктілікті арттыру» - Компанияның персоналын дамыту жөніндегі тұрақты әрекет ететін бағдарлама.

Қоғамда даярлау мен біліктілікті арттыруға бағытталған персоналды дамыту жөніндегі бағдарлама әрекет етеді. Жыл сайын Қоғамның бюджетінде персоналды оқытуға және біліктілігін арттыруға қаражат көзделеді. Қоғамда ПР ҚР 51.3-002-2004 Магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына («Персоналды техникалық даярлау» деген 1.2-т.) сәйкес магистральдық газ құбырларының техникалық объектілерін әлеуметтік жағынан даярланған персонал пайдалануға тиіс. Қауіптілігі жоғары объектілерге қызмет көрсететін персонал мемлекеттік техникалық қадағалау жергілікті органдарымен келісілген бағдарламалар бойынша кәсіпорындар арнайы құратын курстарда даярлаудан (қайта даярлаудан) өтуге тиіс.

2015 жылы Қоғамның компаниялар тобы 4 155 қызметкерді жалпы сомасы 290,846 млн теңгеге оқытты, олар Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясы мен Украинаның оқытушы ұйымдар мен оқу орталықтарының базасында даярлықтан өтеді және өздерінің біліктілік деңгейін арттырады. Жұмыс персоналын кәсіптік оқыту және дамыту Қоғамның кадрлық саясатының ұзақ мерзімді және басым бағыттарының бірі болып табылады, өйткені жұмысшы кадрлардың кәсіптік деңгейі қауіпсіз өндірістің тиімділігін арттырудың, еңбек өнімділігін өсіру мен жұмыстың сапасын жақсартудың маңызды факторы болып табылады.

Жас мамандарды сапалы кәсіптік даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамда Қоғам қызметкерлері балаларының Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алуы үшін қолдау көрсетіледі. Осы мақсатта «Жас маман» бағдарламасы әзірленген. Жоғары оқу орындарында Қоғамның қаражаты есебінен республикамыздың жас азаматтары білім алуда, олар оқуды бітіргеннен кейін газ саласына жұмысқа келеді.

Демеушілік және қайырымдылық

2015 жылы «ҚМГ» ҰК АҚ-да демеушілік көмек көрсету саясатының күшіне енуіне байланысты демеушілік көмек көрсету тоқтатылды.

Корпоративтік басқару

ҚТГ қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Қоғам Қоғамды капиталдандыруды орнықты өсірудің, корпоративтік жанжалдардың туындау ықтималдығын азайтудың, Қоғамның инвесторлар үшін тартымдылығын ұлғайтудың, сондай-ақ имиджге оң әсер етудің негіз қалаушы шарты тиімді корпоративтік басқару болып табылатынын негізге алады.

Қоғамдағы корпоративтік басқаруды дамытудың негізгі мақсаты Қоғамды капиталдандырудың орнықты өсуін және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғам, корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуге зор көңіл бөледі. 2015 жылы Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді. Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі ҚР Үкіметінің 15.04.2015 ж. №239 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰАҚ-ның корпоративтік кодексіне сәйкес әзірленді.

Қоғам Жалғыз акционердің мүдделер теңгерімін, Қоғамның және мүдделі тұлғалардың менеджментін белгілеуге ұмтылады, бұл ретте холдингтік компания ретінде Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі өзіне корпоративтік сатының: акционерлердің жалпы жиналысының, Қоғамның директорлар кеңесінің, атқарушы органының және ЕТҰ-ның осындай басқару органдарының бірден бірнеше деңгейінің өзара іс-қимылын қамтиды.

Корпоративтік басқару тиімді жүйесін құру жөніндегі дайындық іс-шаралары шеңберінде холдингтің ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізілді: Қоғам – газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде меншік құрылымының жырмалану мүмкіндігін шектеуге, ақпаратты жабуға арналған шығындарды барынша азайтуға, басқарушылық шешімдер қабылдау рәсімін оңайлатуға бағытталған корпоративтік орталық болып табылады.

Қоғамның да, ЕТҰ-ның да акционерлерінің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі мен атқарушы органдары арасындағы функцияларды қисынды бөлу жарғыларда бекітілген және ЕТҰ менеджментінің ағымдағы басшылықты жүзеге асыруына кедергі келтірмейді.

Қоғамның ЕТҰ-ға қатысты корпоративтік басқару мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін бизнесті трансформациялау шеңберінде олардың ұйымдық құрылымдарын қайта жобалау жүргізіледі, ол корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері мен жауапкершілігін қайта бөлу мен регламенттеуді, корпоративтік өзара іс-қимыл бизнес-процестерін оңтайландыруды білдіреді.

Қоғамда кез келген акционерлік компания үшін тән қағидаттардан басқа, корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттары (акционерлер мен мүдделі тұлғалардың құқықтарын сақтау, ақпараттық ашықтық, тиімді директорлар кеңесінің болуы, компанияның басқару органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажырату, меншіктің ашық құрылымы, ішкі бақылау тиімді жүйесінің болуы) енгізілуде, Қоғамда Қоғам мен оның ЕТҰ үшін жалпы стратегиялық мақсаттардың іске асырылуын қамтамасыз ететін корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттарын негізге алу қағидатын бөліп көрсетуге болады.

Қоғамның ЕТҰ-ларының қызметіндегі мүдделері корпоративтік басқару саясатын (немесе бағдарламасын) әзірлеу мен іске асыру арқылы жүзеге асырылады, ол өзіне мыналар сияқты біргеше бағытты қамтиды:

- ЕТҰ-ның даму стратегиясын қалыптастыру және іске асырылуын бақылау;
- ЕТҰ қызметін жоспарлау және оның қаржылық нәтижелерін бақылау, оның ішінде

ЕТҰ пайдасын бөлу бағыттарын анықтау және бақылау;

- ЕТҰ-ның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, оның ішінде ЕТҰ-ның активтер-імен мәмілелер жасасу;

- ЕТҰ-ның бизнесті басқару саласындағы ішкі процестерінің тиімділігін үздіксіз арттыру;

- ЕТҰ-ның инвестициялық тартымдылығын және капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету;

- ЕТҰ-ның кадрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру.

Жалғыз акционер мынадай қатысушыларды: «белсенді» акционерді, Директорлар кеңесін, Басқарма мен орталықтандырылған ішкі аудит қызметін қамтитын корпоративтік басқару моделін айқындады.

Корпоративтік басқару органдары

Қоғамның корпоративтік басқару органдары мыналар болып табылады:

1) Жалғыз акционер – жоғары орган;

2) Директорлар кеңесі – Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын айқындайтын басқару органы. Директорлар кеңесі үш мүшеден тұрады, оның біреуі тәуелсіз директор болып табылады;

3) Басқарма – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғамның Басқармасы он адамнан тұрды.

Директорлар кеңесінің құрылымы

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі алты мүшеден тұрды, олар:

Директордың аты-жөні	ҚТГ-дағы лауазымы
Сұлтанғали Серік Сұлтанғалиұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Берлібаев Данияр Әмірбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Қасымбек Ардақ Махмудұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Бердалина Жанат Қоланқызы	Тәуелсіз директор

Жалғыз акционердің шешімімен (ҚМГ ДК-ның 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №17/2015 11 хаттамасы) Р.Э.Сулейманов ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды, Қ.Қ.Шәріпбаев Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды, Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде С.Сұлтанғалидің өкілеттіктері тоқтатылды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы:

Директордың аты-жөні	ҚТГ-дағы лауазымы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Сулейманов Рустам Эдуардұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Берлібаев Данияр Әмірбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Қасымбек Ардақ Махмудұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Бердалина Жанат Қоланқызы	Тәуелсіз директор

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі директорлар А.А.Нұрғазиев пен Ж.Қ.Бердалинаның тәуелсіздік фактісін белгіледі:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында оларға қойылатын тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкес келеді;

- өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен ҚТГ-ның мүддесі үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімдері, біліктілігі, оң жетістіктері және іскерлік орта мен Қазақстанның газ саласында мінсіз беделі бар.

- «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелді деп тануға әсер етуі мүмкін қатынастарға немесе жағдайларға жол бермейтін талаптарына сәйкес келеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы:

Аты-жөні	Должность	Қатысу саны	Қатысу пайызы	Ескертпелер
Сұлтанғали С.	Директорлар кеңесінің төрағасы	35-тен 35	100 %	ЖА-ның 2015 ж. 11 желтоқсандағы № 17/2015 шешімімен өкілеттіктері тоқтатылды
Шәріпбаев Қ.Қ.	Директорлар кеңесінің мүшесі/төрағасы	37-ден 37	100 %	ЖА-ның 2015 ж. 11 желтоқсандағы № 17/2015 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды
Сулейманов Р.Э.	Директорлар кеңесінің мүшесі	2-ден 2	100 %	ЖА-ның 2015 ж. 11 желтоқсандағы № 17/2015 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Берлібаев Д.Ә.	Директорлар кеңесінің мүшесі	37-ден 37	100 %	ЖА-ның 2014 ж. 20 ақпандағы 1/2014 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Қасымбек А. М.	Директорлар кеңесінің мүшесі	37-ден 37	100 %	ЖА-ның 2014 ж. 20 ақпандағы 1/2014 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Нұрғазиев А.А.	Тәуелсіз директор	37-ден 37	100 %	ЖА-ның 2014 ж. 20 ақпандағы 1/2014 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Бердалина Ж.К.	Тәуелсіз директор	37-ден 37	100 %	ЖА-ның 2014 ж. 20 ақпандағы 1/2014 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды

- Қоғамның Директорлар кеңесінің есепті кезеңінде 37 (35 көзбе-көз, 2 сырттай) отырыс өткізілді. Қаралған мәселелердің жалпы саны 202-ні құрады. Оның ішінде көзбе-көз отырыста қаралғаны – 200, сырттай қаралғаны – 2 мәселе.

Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі «Қоғамның қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін Жалғыз акционердің алдында жауапты болады және шешімдер қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды функциялары Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау және басқа да елеулі мәселелер болып табылады.

Басқарманың жауапкершілігі

Өз кезегінде, Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу үшін, Қоғамның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің ағымдағы мәселелері бойынша жауапты болады. Басқарма Қоғамның бизнес-жоспарына қол жеткізу бойынша істелген жұмыстың жай-күйі үшін Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

Осылайша, барлық қатысушылардың өз өкілеттіктерінің корпоративтік қатынастарын, жауаптылық аясын, есептілігін, құқықтары мен міндеттерін түсінуі, көрсетілген аспектілерді Қоғамның Жарғысында нақты бекіту мүдделер жанжалы тәуекелін азайтады, демек, корпоративтік дамыту қағидаттары мен құрылымының бірыңғай пайымдауын құрады.

Басқарманың құрылымы

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Басқармасының құрамына Бас директорды және оның орынбасарларын жән кеңесшілерін қоса алғанда, жоғарғы буын басшылары кірді.

Басқарманың мүшелері

Аты-жөні	Лауазымы	Кезеңі
Сулейманов Рустам Эдуардұлы	Бас директор (Басқарма төрағасы)	11.12.2015 ж.
Естай Серик	Бас директордың техникалық саясат жөніндегі орынбасары	24.02.2015 ж.
Көшеров Даир Әділбекұлы	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	10.01.2014 ж.
Сердиев Ибулла Жұмағұлұлы	Бас директордың маркетинг және коммерция жөніндегі орынбасары	12.08.2015 ж.
Темірханов Ерқанат Уақбайұлы	Бас директордың трансформация және дамыту жөніндегі орынбасары	06.04.2015 ж.
Әбдіғұлова Нәйла Өмірзаққызы	Аппарат басшысы	12.06.2015 ж.
Абдрасулов Нұрлан Қадырұлы	Бас директордың кеңесшісі	23.04.2015 ж.
Қасеев Еркен Зәріпұлы	Бас директордың кеңесшісі	14.11.2014 ж.
Құрманалиев Қанат Рахымбергенұлы	Бас директордың кеңесшісі	12.08.2015 ж.
Климов Павел Викторович	Бас директордың кеңесшісі	25.08.2015 ж.

ҚТГ Директорлар кеңесінің 2015 жылы ҚТГ Басқармасының құрамына қатысты қабылданған шешімдері

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен (№3 хаттаманың 3-тармағы) Басқарманың құрамы 9 (тоғыз) адам көлемінде айқындалды, тұтас алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген мерзімге «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Естай Серик Басқарманың құрамына сайланды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 06 сәуірдегі шешіміне сәйкес (№6 хаттаманың 8-тармағы) «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Басқарма мүшесі Қуаныш Болатұлы Жылқышиевтің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының орынбасары Темірханов Ерқанат Уақбайұлы тұтас алғанда, «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының құрамына сайланды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі шешіміне сәйкес (№9 хаттаманың 1-тармағы) «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының құрамы 10 (он) адам көлемінде айқындалды, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының кеңесшісі Абдрасулов Нұрлан Қадырұлы тұтас алғанда, «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне Басқарманың құрамына сайланды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 12 маусымдағы шешімімен (№15 хаттаманың 2-тармағы) Басқарма мүшесі Ботагөз Серікқызы Байбатырованың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, тұтас алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне Әбдіғұлова Нәйла Өмірзаққызы «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының құрамына сайланды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 12 тамыздағы шешіміне сәйкес (№22 хаттаманың 2-тармағы) «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының құрамы 12 (он екі) адам көлемінде айқындалып, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының кеңесшілері Сердиев Ибулла Жұмағұлұлы мен Құрманалиев Қанат Рахымбергенұлы тұтас алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне Басқарманың құрамына сайланды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 25 тамыздағы шешіміне сәйкес (№23 хаттаманың 1-тармағы) «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының мүшесі Мұқатай Үмбетайұлы Шанбатыровтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, Басқарманың құрамына Бас директордың кеңесшісі Климов Павел Викторович тұтас алғанда, «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне Басқарманың құрамына сайланды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен (№27 хаттаманың 3-тармағы) Басқарма мүшесі Аида Геннадьевна Асқарованың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, Басқарманың құрамы 11 мүше көлемінде айқындалды.

«ҚазМұнайГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы шешіміне сәйкес (№17/2015 хаттаманың 2-тармағы) «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қайрат Қаматайұлы Шәріпбаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, Сулейманов Рустам Эдуардұлы тұтас алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) болып тағайындалды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы шешіміне сәйкес (№ 36 хаттаманың 1-тармағы) 2015 жылғы 11 желтоқсаннан бастап «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының мүшесі Рустам Эдуардұлы Сулеймановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, тұтас алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының мүшесі Рустам Эдуардұлы Сулеймановтың өкілеттіктер мерзімі айқындалды.

ҚТГ Басқармасының отырыстары мен қабылданған корпоративтік шешімдер туралы жалпы мәліметтер

2015 жылғы 12 айда Қоғамның Басқармасы:

Өткізілетін отырыстар - 54;

Қаралған мәселелер - 344.

Оның ішінде:

Қоғамның қызметіне қатысты мәселелер - 124,

Еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметіне қатысты мәселелер - 220.

ҚТГ-ның қызметіне қатысты мәселелердің жалпы санынан:

Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын алдын ала мақұлданған мәселелер - 241.

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер - 103.

Жасалуына қатысты ерекше жағдайлар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер

Қоғамның Басқармасы қараған жасалуына мүдделі мәмілелердің жалпы саны (Қоғамның қызметіне қатысты мәселелердің жалпы санынан) - 62.

Оның ішінде:

Алдын ала мақұлданған және Қоғамның Директорлар кеңесіне шығарылған мәмілелер – 17.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидасы шеңберінде бекітіліп, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда оларға қатысты ерекше жағдайлар белгіленгені – 45.

Есепті кезеңде атқарушы орган ретінде Басқарманың түйінді міндеті – ағымдағы қызметке басшылық жасау «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Басқарма туралы ережесінде бекітілген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылды.

Орнықты даму

Бизнесті орнықты дамыту – бұл кәсіпорынның бірегей даму стратегиясы, соның арқасында бәсекелес нарықта компанияның ұзағынан сәтті әрекет етуі қамтамасыз етіледі.

Компанияның орнықтылығы – бұл бизнестің қауіпсіздік (өндірістік және экологиялық); жауапкершілік (өңірлердің тұрғындары мен кәсіпорынның қызметкерлері алдында компанияның әлеуметтік тартымдылығы); өндірістің экологиялығы (пайдаланылатын ресурстарды сақтау және қайта жаңарту) сияқты бағыттырада нарық үшін неғұрлым тартымды көріну қабілеті.

2013 ж. ҚТГ-да GRI Басшылығына сәйкес дайындалған орнықты даму саласындағы Есеп жарияланады. Есепте орнықты даму тұрғысынан қызметтің неғұрлым елеулі мынадай аспектілері қозғалады: мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, қоршаған ортаны қорғау және еңбекті қорғау және өндіріс қауіпсіздігі, адам капиталын дамыту, Компаниялар тобы қатысатын өңірлердің дамуына салынатын инвестициялар.

Есепте мүдделі тараптармен диалогты кеңейтуге едәуір көңіл бөлінетін болады – бұл мәселелер Компаниялар тобының ашықтығын арттыру және оның қызметі әлемдегі үздік практикаларға сәйкес келуі үшін қағидатты маңызды болып табылады.


Компаниялар тобының өндірістік процестерінің экологиялық жағдайға әсер етуі туралы мәліметтер құжатта маңызды орын алады. Өндірістің қоршаған ортаға келеңсіз әсерін азайту – Компаниялар тобының стратегиялық басымдықтарының бірі.

Есептің елеулі бөлігі Компаниялар тобының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өз қызметкерлерінің денсаулығы саласындағы іс-әрекеттеріне арналған.

Есепте Компаниялар тобының Қазақстанның үздік жұмыс берушілерінің бірінің мәртебесін қолдауға ұмтылысын көрсететін қызметкерлерді әлеуметтік қолдау саласындағы ақпарат берілген.

Есеп Компаниялар тобының жергілікті жұртшылықпен өзара қарым-қатынастарын қозғайды: онда әлеуметтік әріптестік қағидаттары, Компания қатысатын аумақтарды датытуға қатысты оның қызметіне негізгі тәсілдер, жүзеге асырылатын әлеуметтік бағдарламалар мен жобалар көрініс тапқан.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алуындағы жергілікті қамту (ҚҚ)



«ҚТГ» компаниялар тобы бойынша сатып алудың жалпы көлемі 2015 жылы 426,9 млрд теңгені құрады, оның ішінде тауарлар 272,1 млрд теңгеге, жұмыстар – 84,1 млрд теңгеге және қызметтер – 70,6 млрд теңгеге сатып алынды.

Жергілікті қамту үлесі сатып алудың жалпы көлемінде 380,86 млрд теңгені немесе 89,21% құрады, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша – 98%, орындалған жұмыстар – 56% және көрсетілген қызметтер – 95%.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алуындағы жергілікті қамтуды ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар бағдарламасы мынадай бағыттарды қамтиды:

- ▶ Ұзақ мерзімді шарттарды жасасу;
- ▶ Отандық тауар өндірушілерден тауарлар сатып алуды жүргізудің басымдығын сақтау;
- ▶ Отандық тауар өндірушілер мен жұмыстар мен қызметтерді отандық жеткізушілерге қатысты шартты жеңілдіктерді қолдану;
- ▶ Отандық кәсіпкерлерді тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге деген қажеттіліктер жөнінде ақпараттандыру.

Кредиттік рейтингілер және борыштық портфельді басқару

2015 жылы Қоғам халықаралық рейтингтік агенттіктермен энергия тасымалдағыштарға әлемдік бағаның едәуір төмендеуі аясында кредиттік рейтингтер деңгейлерінің төмендеуіне жол бермеу бойынша жұмыс жүргізді. 2015 жылы Қоғамның кредиттік рейтингілері бұрынғы деңгейде расталды: BBB- Fitch Ratings-дан; BB+ Standard&Poor's-дан; Baa3 Moody's Investors Services-тен.

Рейтингтік агенттік	Компания	Рейтингтің расталу / өзгеру күні	Рейтинг	Болжам
Standard & Poor's	«ҚазТрансГаз» АҚ	22.04.15	BB+	Келеңсіз
FitchRatings	«ҚазТрансГаз» АҚ	21.04.15	BBB-	Келеңсіз
Moody's	«ҚазТрансГаз» АҚ	03.04.15	Baa3	Келеңсіз

«ҚазТрансГаз» АҚ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бекіткен, борыштық міндеттемелердің барынша рұқсат етілген деңгейі оған сәйкес анықталған борышты басқарудың 2013-2015 жылдарға арналған орта мерзімді саясатын басшылыққа ала отырып, қарызға қаржыландыру тартуды жүзеге асырады.


2015 жылғы 31 желтоқсандағы Қоғамның қарыз портфелі

Қарыз алушы	Кредит беруші	Борыштың қалдығы	Валюта	Борыштың қалдығы
«ҚазТрансГаз» АҚ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	150 669 896 750	KZT	150 669 896 750
«ҚазТрансГаз» АҚ	Ситибанк Қазақстан АҚ ЕБ / Ситибанк, Н.А. Нассо, Багам филиалы	37 000 000	USD	12 560 390 000
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Еврооблигациялар	270 000 000	USD	91 656 900 000
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Trinkaus&Burkhardt KGAA / CITIGROUP Global Markets Deutschland AG & CO. KGAA	8 660 821	USD	2 940 088 796
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	1 587 274 639	KZT	1 587 274 639
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	12 177 096 299	KZT	12 177 096 299
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	7 821 600 016	KZT	7 821 600 016
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	8 000 000 000	KZT	8 000 000 000
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	KASE-дегі инвесторлар (оның ішінде ҚТГ 3 778 526 000 KZT сомасына)	12 407 696 000	KZT	12 407 696 000
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Халықаралық инвесторлар	5 000 000 000	KZT	5 000 000 000

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ-ның шоғырландырылған борышының жалпы мөлшері 887 932 АҚШ долл. құрады.


2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ-ның қарыз портфелінің жалпы мөлшері 227 338 млн. теңгені құрады.

ҚМГ ковенанттары	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Долг/ЕБИТДА	1,18	1,68	1,57	2,45	3,29
Таза борыш/Таза капиталдандыру	0,11	0,19	0,2	0,2	0,59
Бос сыйымдылық, мың \$	1 297 675	803 000	982 238	502 103	60 784




Төленген дивидендтер

млн теңге



Қарыз арудың еркін сыйымдылығы

мың \$



УБАҚ-ның қалдығы

млн теңге

Қаржылық есептілік

«ҚазТрансГаз» АҚ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге

	2015	2014
АКТИВТЕР		
Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	719 858 428	646 885 678
Материалдық емес активтер	1 637 009	1 469 899
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	770 209	58 381 486
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	15 709 491	18 765 146
Өтелуге жататын ҚҚС	26 048 891	16 001 132
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	182 229	993 099
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер	3 272 127	226 448
Пайдалануға шектелген ақша қаражаттары	6 048 059	4 178 146
Банк салымдары	40 000	33 548 252
	773 566 443	780 449 286
Ағымдағы активтер		
Тауар-материалдық қорлар	37 297 449	24 687 987
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	65 725 667	63 033 980
Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар	61 098 669	25 427 403
Берілген аванстар	3 160 857	4 060 879
Өтелуге жататын салықтар	11 258 563	15 035 590
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	11 166 221	4 979 937
Банк салымдары	12 549 557	23 490 298
Ақша қаражаты мен оның баламалары	19 578 582	4 631 772
	221 835 565	165 347 846
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	995 402 008	945 797 132
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Капитал		
Жарғылық капитал	179 655 175	163 039 875
Қосымша төленген капитал	237 758 875	222 830 632
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	546 149	546 149
Бөлінбеген пайда	69 003 602	178 026 553
	486 963 801	564 443 209
Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	104 252 407	106 647 107
Пайыздық қарыздар	28 311 935	19 000 634
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	144 582 380	7 982 388
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	653 967	2 960 308
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	54 354	51 188
Резервтер	42 921 850	38 053 675
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	26 352 210	23 430 320
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	5 773 623	5 594 642
	352 902 726	203 720 262
Ағымдағы міндеттемелер		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	840 870	1 125 707
Пайыздық қарыздар	17 571 534	86 334 449
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	25 245 635	-
Резервтер	26 609 088	18 564 588
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	73 433 815	58 112 573
Төленуге жататын салықтар	941 636	1 255 438
Алынған аванстар	3 420 837	3 647 034
Өзге ағымдығы міндеттемелер	7 472 066	8 593 872
	155 535 481	177 633 661
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	995 402 008	945 797 132

Қаржылық есептілік

Жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге

	2015	2014
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер	374 319 323	328 972 045
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	(277 605 060)	(247 473 336)
Жалпы пайда	96 714 263	86 498 709
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(27 339 503)	(37 076 216)
Басқа да операциялық кірістер	11 365 124	14 198 390
Өзге де операциялық шығыстар	(8 840 880)	(6 205 506)
Операциялық қызметтен болған пайда	71 899 004	57 415 377
Қыржылық кірістер	7 991 115	3 010 945
Қыржылық шығындар	(26 096 094)	(15 269 989)
Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлес	(60 500 985)	(37 180 604)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(101 242 892)	(15 018 749)
Салық салынғанға дейінгі залал	(107 949 852)	(7 043 020)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(1 534 705)	(13 124 799)
Бір жылғы таза шығын	(109 484 557)	(20 167 819)
Басқа да жиынтық кіріс	461 606	501 395
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс		
Есептілік валютасын қайта есептеу	-	391 692
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс		
Белгіленген төлемдері бар жоспралар бойынша актуарлық пайда	577 007	137 129
Табыс салығының ықпалы	(115 401)	(27 426)
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық кіріс	461 606	109 703
Табыс салығы шегерілген бір жылғы жиынтық шығын жиыны	(109 022 951)	(19 666 424)

Қаржылық есептілік

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге

	2015	2014
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары		
Салық салынғанға дейінгі залал	(107 949 852)	(7 043 020)
Мыналарға түзетулер:		
Тозу және амортизация	25 655 040	29 439 433
Қаржылық кірістер/шығындар, нетто	18 104 979	12 259 044
Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлес	60 500 985	37 180 604
Газды тасымалдау шығыстары бойынша резервтегі өзгеріс	11 484 510	(7 938 828)
Газды қарызға беру бойынша шығындарды өтеу	-	11 074 720
Газ қарыздары бойынша берешектегі өзгеріс	-	(5 744 418)
Резервтердегі өзгеріс	556 744	(1 477 361)
Қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары мен сыйлықақылары бойынша резервті есептеу	1 147 493	1 348 973
Күмәнді борыштар, берілген аванстар, ескірген және өтпейтін ТМҚ бойынша резервтегі өзгеріс, нетто	177 357	1 194 161
Салық активтерінің құнсыздануы және өтелуге жататын ҚҚС	1 398 050	-
Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы	(378 194)	(851 718)
Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы	1 144 159	447 260
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден болған пайда	(202 711)	(5 452 092)
Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залал	5 131 261	794 395
Қысқартудан түскен кіріс	(2 038 449)	-
Актуарийлік бағалаудағы өзгеріс және жұмыскерлердің сыйақылары бойынша дисконт амортизациясы	-	(77 944)
Теріс бағамдық айырма	108 458 466	17 337 590
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық пайда	123 189 838	82 490 799
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс	(16 158 181)	(7 918 317)
Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгеріс	(4 579 889)	(9 132 354)
Берілген аванстардағы өзгеріс	900 022	(632 896)
Өтеуге жататын салықтардағы өзгеріс	(6 272 047)	(10 420 332)
Сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер	7 887 287	366 259
Төленетін салықтардағы өзгеріс	(366 544)	25 641
Алынған аванстардағы өзгеріс	(226 197)	347 948
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс	(2 773 481)	(1 521 946)
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердегі өзгерістер	(67 458)	308 366
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс	43 801	(139 873)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі	101 576 151	53 773 295
Төленген пайыздар	(17 230 911)	(9 262 420)
Төленген пайыз салығы	(8 155 570)	(15 627 245)
Банк салымдары бойынша алынған пайыздар	3 759 889	2 339 324
Операциялық қызметтер түскен таза ақша ағындары	79 949 539	31 222 954
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары		
Банк салымдарын орналастыру/қайтарып алу	88 792 390	(38 353 158)
Пайдалануда шектелген ақша қаражатын орналастыру	(1 869 913)	(1 620 149)
Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар	(36 839 415)	(26 149 030)
Байланысты тараптар өтеген пайызсыз қарыздар	102 930	-
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(57 060 572)	(43 641 302)
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсім	7 390 325	751 246
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	(14 120 498)	(10 492 872)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	13 604 753	119 505 265

	2015	2014
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары		
Банк қарыздары мен борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	89 811 140	172 324 338
Байлансты тараптардан қарыздар бойынша түсімдер	148 969 800	14 881 897
Меншік иелерінің жарналары	11 427 285	-
Банк қарыздарын және борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(303 483 661)	(104 825 066)
Операциялық қызметтен болған/(пайдаланылған) таза ақша ағындары	(53 275 436)	82 381 169
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеру	13 069 350	(5 901 142)
Таза оң бағамдық айырма	1 877 460	-
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	4 631 772	10 532 914
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	19 578 582	4 631 772

Глоссарий

АГТКС – авто газ толтырушы компрессорлық станциялар
 АГРС – автоматтандырылған газ таратушы станция
 АГҚ – «Азиялық Газ құбыры» ЖШС
 ЭРЕАЖ – Энергоресурстарды есеп алу автоматты жүйесі
 УБАҚ – уақытша бос ақша қаражаты
 БШГҚ – «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС
 МЭТ – Мемлекеттік энергетикалық тізілім
 ГРП – газ реттеуші пункт
 «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы – «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның ЕТҰ
 ЕТҰ – еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдар
 СКС – сығымдаушы компрессорлық станция
 ЕРС – Жобалауға, жетеізуге және құрылысқа арналған шарт
 БГЖ – бірыңғай газбен жабдықтау жүйесі
 ЕҚББЖ – еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі
 ИМЖ – интеграцияланған менеджмент жүйесі
 КС – компрессорлық станция
 КШО – командалық-штабтық оқу-жаттығулар
 ҚМГ/ ҚазМұнайГаз – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
 ҚХР – Қытай Халық Республикасы
 ҚТГ/ Қоғам/ҚазТрансГаз – «ҚазТрансГаз» АҚ
 ҚТГА – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ
 ҚТГ-Алматы – «ҚазТрансГаз – Алматы» АҚ
 ҚТГ-Ө – «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС
 СТГ – сығымдалған табиғи газ
 ТМРЖБҚК – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті
 МГ – магистральдық газ құбыры
 МГТЖ – магистральдық газ тасымалдау жүйесі
 ҒТК – Ғылыми-техникалық кеңес
 ПХГ – жерасты газ қоймасы
 ГРБП – газ реттеуші блокты пункт
 ЖСҚ – жобалау-сметалық құжаттама
 ГШЕП – газ шығынын есептеу пункті
 ҚР – Қазақстан Республикасы
 ҚМЖ – құрылыс-монтаждау жұмыстары
 СМЖ – сапа менеджменті жүйесі
 ӨМТЫ – өзіндік мұқтаждар және технологиялық ысырыптар
 ҚНЖЕ – Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелері
 ҚР ҚН – Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары
 ТТР – тауар-көлік жұмысы
 ОЭР – отын-энергетикалық ресурстар
 ТЭГ – термоэлектрогенераторлар
 БК – басқарушы комитет
 ШГРП – шкафтық газ реттеуші пункттер
 ШП – шкафтық пункттер